




БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ САММИТІ – ТҮРКІСТАНДА



Kazinform сайтынан алынды

Түркістанда Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) бейресми саммиті басталды. Оған ТМҰ-ға мүше Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Әзербайжан және Түркия Республикаларының Президенттері қатысуда. Олар мұнда ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін, сондай-ақ «Жасанды интеллект және цифрлық даму» тақырыбы аясындағы өзара іс-қимылды талқылап жатыр.

(Жалғасы 2-бетте)

МӘСЕЛЕ

ЦИФРЛАНДЫРУ: ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТЕ МЕ, ҚИЫНДАТА МА?

Соңғы жылдары Қазақстандағы мемлекеттік басқаруды цифрландыру құқықтық және институционалдық реформалардың негізгі бағытына айналды. Бұл процесс әкімшілік рәсімдерді жеңілдетуге, мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыруға және азаматтар мен мемлекет арасындағы тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз етуге бағытталған. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының жаңартылған Конституциясы заң үстемдігінің негізгі қағидаттарын – адам құқығы мен бостандығының басымдығын, мемлекеттік органдардың есептілігін және мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін нығайтты.

Дегенмен, құқық қорғау тәжірибесі цифрландырудың мәлімделген мақсаттары мен оны нақты жүзеге асыру арасындағы айтарлықтай алшақтықты көрсетеді. Кейбір жағдайларда цифрлық құралдар әкімшілік кедергілерді жоймайды; керісінше, оларды жаңа форматта қайта жасайды және тіпті нығайтады.

«Eotinish» электрондық өтініштер жүйесі бастапқыда әкімшілік рәсімдерді жеңілдету, ашықтықты қамтамасыз ету және азаматтар мен мемлекеттік органдар арасында тиімді байланысты орнату мақсатында енгізілді. Дегенмен, іс жүзінде өтініштерге жауаптар көбінесе формальды сипатта болады және көтерілген мәселелердің мәнін ашпайды. Азаматтар құқықтық бағалау мен шешімнің орнына құқықтық ережелерге жалпы сілтемелермен шектелген жауаптар алады. Апелляциялық механизм сонымен қатар тәуелсіз қарауды қамтамасыз ете алмайды: шағымдар көбінесе бұрын шешім қабылдаған органға жіберіледі. Бұл жабық әкімшілік циклдің қалыптасуына әкеледі және апелляциялық жүйенің тиімділігін төмендетеді.

Сот жүйесін цифрландыру Сот кеңесі порталы арқылы жүзеге асырылуда. Әділетке қол-

жетімділікті жеңілдету мақсатына қарамастан, іс жүзінде талап арыздарды беру рәсімі күрделі және көп сатылы болып қала береді. Азаматтар өтініш толтыру, үлгіні таңдау, құжаттарды басып шығару, қол қою, сканерлеу және қайта жүктеу сияқты бірқатар кадамды орындауға мәжбүр. Электронды цифрлық қолтаңба болғанның өзінде құжат айналымы процесін толығымен жою мүмкін емес. Нәтижесінде, сотқа қолжетімділік тек құқықтардың қолжетімділігіне ғана емес, сонымен қатар азаматтың цифрлық және процедуралық сауаттылық деңгейіне де тәуелді болады.

eGov.kz арқылы әлеуметтік төлемдерге өтініш берген кезде азаматтардан әртүрлі анықтама талап етіледі. Дегенмен, бұл ақпараттың айтарлықтай бөлігі үкіметтік ақпараттық жүйеде сақталған. Осылайша, азаматтар мемлекеттік органдар арасында делдал ретінде тиімді әрекет етеді, мемлекетте бұрыннан бар деректердің берілуін қамтамасыз етеді. Бұл цифрландырудың негізгі қағидасына – деректерді бір рет енгізуге және қайталап пайдалануға қайшы келеді.

(Жалғасы 4-бетте)

ҚЫЗМЕТ ПЕН МІНДЕТ

Қазақстан – тағдыр тоғыстырған түрлі этнос өкілдерінің ортақ шаңырағына айналған мемлекет. Татулық пен тұрақтылықты басты құндылық ретінде орнықтырған елімізде ұлт пен ұлыс өкілдері бір мақсатқа жұмылып, мемлекет дамуына өз үлесін қосып келеді. Бұл қағида түбі бір Түркі халықтарының рухани отаны Түркістан өңірінің құқық қорғау саласында да айқын көрініс табады. Қоғамдағы заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың қауіпсіздігін сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарда мемлекеттік тілді құрметтеп, оны кәсіби қызметінде кеңінен қолданып жүрген өзге ұлт өкілдерінің еңбегі ерекше назар аудартады.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕҢГЕРГЕН САҚШЫЛАР КӨПКЕ ҮЛГІ

Бүгінде Ішкі істер органдарында қызмет атқаратын көптеген полицейлер мемлекеттік тілді тек қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, ел бірлігінің, қоғамдық келісімнің және ортақ жауапкершіліктің негізі ретінде қабылдайды. Бұл – Мемлекет басшысы айқындаған «Заң және тәртіп» қағидатының қоғамда орнығуына нық ықпал ететін маңызды факторлардың бірі.

Осындай азаматтардың қатарында Түркістан облысында қызмет атқарып жүрген тәжірибелі тергеуші Шухрат Назаров пен полиция капитаны Аброр Махаматов бар. Екеуінің де өмірлік ұстанымында мемлекеттік тілге құрмет, елге адал қызмет ету және заңдылықты сақтау қағидаты айрықша орын алады.

Мемлекеттік тіл – кәсіби жауапкершіліктің көрінісі

Түркістан облысы Келес аудандық полиция бөлімінің аға тергеушісі Шухрат Назаров ішкі істер органдарындағы еңбек жолын 2013 жылы бастаған. Алғашқы қызметін Шымкент қаласы әл-Фараби аудандық полиция бөлімінде тергеуші болып бастаған ол бүгінде мол тәжірибе жинақтаған кәсіби мамандардың қатарында.

– Ұлтты өзбек болғанымен, Шухрат Сунатуллаұлы қазақ тілін еркін меңгерген. Күнделікті қызмет барысында іс жүргізу құжаттарын мемлекеттік тілде рәсімдеп, азаматтармен қазақ тілінде еркін байланыс орнатады. Тергеу саласындағы жұмыс үлкен жауапкершілікті, мұқияттылықты және құқықтық сауаттылықты талап етеді. Мұндай қызметте әрбір құжаттың заң талаптарына сай әрі сауатты рәсімделуі аса маңызды, – дейді Түркістан облысы полиция департаментінің баспасөз қызметіндегі әріптестер.

Шухрат Назаровтың өзі де мемлекеттік тілді құрметтеу – әр азаматтың ел алдындағы қасиетті парызы деп санайды.

– Еліміз сонау ғасырлар қойнауында тарихтың сұрқай саясатының салдарынан ондаған ұлтқа пана болған. Өзгеге бір үзім наны мен айранын бөліп берген қазақ халқының сол бір қиын-қыстау кезеңдегі жомарттығы ондаған этносты ұйыстырып отыр. Бүгінде ынтымағы мен бірлігі жарасқан елге айналдық. Бізді бауырына басқан қазақ жерінде өмір сүріп жатқанымыз – үлкен бақыт. Еліміз татулықты ту етіп, көптеген мемлекеттерге үлгі болып отыр.

(Жалғасы 4-бетте)




4-БЕТ

Кітап баламен байланыс орнататын құрал болу керек



5-БЕТ

Елсізде қалған ескерткіштер



8-БЕТ

ҚАРМАҚ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

МІНБЕР

ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ САММИТІ – ТҮРКІСТАНДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бейресми форматта өтсе де, Түркістандағы бас қосудың саяси салмағы жоғары. Саммит жасанды интеллект бойынша ортақ декларация қабылдап, цифрлық ынтымақтастық платформалары мен киберқауіпсіздік механизмдерін іске қосумен құнды болмақ. Сонымен бірге бұл жиын Қазақстанды Еуропа мен Азия арасындағы цифрлық көпір ретінде танытты анық.

Маңызды жиындағы қауіпсіздікке айрықша көңіл бөлінген. Іс-шаралар өтетін орындар мен орталық көшелерде жаяу және автопатрульдер саны арттырылып, бейнебақылау жүйелері мен Жедел басқару орталығы арқылы тәулік бойы бақылау ұйымдастырылған.

Түркістандағы жиын ТМҰ тарихындағы үшінші бейресми саммит болып отыр. Бұған дейін 2021, 2024, 2025 жылдары бейресми, 2020, 2023 жылдары кезектен тыс саммиттер ұйымдастырылған болатын. Сондай-ақ Түркия, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан мүшесі болып табылатын ТМҰ-ның 2018 жылы Мажарстан, 2021 жылы Түрікменстан, 2022 жыл Солтүстік Кипр Түрік Республикасы бақылаушы ел мәртебесін алған.

Жалпы, ТМҰ тарихы 1992 жылы Түркия Президенті Тұрғыт Өзалдың бастамасымен Анкара қаласында өткен Түркия, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан республикалары басшыларының саммитінен басталды.

ТМҰ-ның I саммиті 2011 жылы 21 қазанда Алматыда, II саммиті 2012 жылы 23 тамызда Бішкекте, III саммиті 2013 жылы 16 тамызда Габалада, IV саммиті 2014 жылы 5 маусымда Бодрумда, V саммиті 2015 жылы 11 қыркүйекте Астанада, VI саммиті 2018 жылы 3 қыркүйекте Шолпан-Атада, VII саммиті 2019 жылы 15 қазанда



Бакуде, 2020 жылы 10 сәуірде Әзербайжанның бастамасымен төтенше саммит, 2021 жылы 31 наурызда Қазақстан бастамасымен бейресми саммит онлайн өткізілді. Ал VIII саммит 2021 жылы 12 қарашада Стамбұлда өтті. Түркияда өткен басқосуда ұйымның атауы Түркі мемлекеттері ұйымы деп өзгертіліп, IX саммит 2022 жылы 11 қарашада Самарқанда, X саммит 2023 жылы Астанада, XI саммит 2024 жылы Бішкекте, XII саммит 2025 жылы 7 қазанда Габалада ұйымдастырылған. Одан кейін ТМҰ-ның 2023 жылғы 16 наурызда кезектен тыс саммиті Анкарада, 2024 жылғы 6 шілдедегі бейресми саммиті Әзербайжанның Шуша қаласында, 2025 жылғы 21 мамырдағы бейресми саммит Мажарстанның Будапешт қаласында жалғасқан болатын.

Қазіргі таңда ТМҰ аясындағы ынтымақтастық: ТҮРКСОЙ; Түркі академиясы; Түркі мемлекеттері Парламент Ассамблеясы Түркі ПА); Түркі мәдениеті мен мұрасы қоры; Түркі сауда-өнеркәсіп палаталары

одағы; Түркі инвестициялық қоры арқылы жүзеге асуда. Ал ТМҰ қызметі: саясат; экономика; кеден; көлік; туризм; білім; ақпарат және медиа; жастар және спорт; диаспора; ақпараттық және коммуникациялық технологиялар; энергетика; денсаулық сақтау; көші-қон; ауыл шаруашылығы; әділдік және құқық қорғау; адамгершілік мәселелері мен даму; дін; ғарыш; адам ресурстарын дамыту; халықаралық ұйымдар; отбасы және әлеуметтік саясат; ішкі істер; төтенше жағдайлар және апатты басқару; консулдық; ресми зерттеу орталықтары; қоршаған орта және экология; картография; жер кадастры және тіркеу; мәдени қатынас; өнеркәсіп, ғылым, технология және инновация; еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау; зияткерлік меншік салалары бойынша ынтымақтастыққа құрылған.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

ӘДЕП – СОТ БЕДЕЛІНІҢ НЕГІЗІ

Сот билігі мемлекеттік басқару жүйесінде ерекше орын алады. Сот шешімдері адам тағдырына әсер етеді, азаматтардың құқығын қорғауды және заңның сақталуын қамтамасыз етеді. Сондықтан судья қызметіндегі ең маңызды талаптың бірі судьялық әдеп нормаларын сақтаумен өзектес.

Судьялық әдеп – судьяның кәсіби қызметінде де, күнделікті өмірінде де басшылыққа алуы тиіс моральдық қағидалар мен мінез-құлық ережелерінің жиынтығы. Судьяның тәуелсіздігі – шешім қабылдау кезінде тек заңға және өзінің ішкі сеніміне сүйенуі, қандай да бір мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың қысымына жол бермеуі дегенді білдіреді. Ал бейтараптық қағида-ты сот процесіне қатысушылардың барлығына олардың әлеуметтік жағдайына, қызметіне немесе жеке көзқарасына қарамастан тең қарауды талап етеді.

Сонымен қатар судьяның адалдығы мен мінсіз беделі ерекше маңызға ие. Қоғам

сот билігі өкілдерінен жоғары моральдық жауапкершілік күтеді. Судьяның әділдігіне немесе адалдығына күмән тудыратын кез келген әрекет бүкіл сот жүйесіне деген сенімге нұқсан келтіреді.

Судьялық әдеп соттағы қарым-қатынас мәдениетінен де көрінеді. Әдептілік, сыйпаылық, сабырлылық және сот процесіне қатысушыларға құрмет көрсету сот залында әділдік пен заңдылық атмосферасын қалыптастырады.

Судьялық әдеп нормаларын сақтау – тек кәсіби міндет ғана емес, сонымен қатар сот билігінің беделін нығайтудың маңызды шарты. Қоғамның сотқа деген сенімі жоғары болған сайын мемлекет те берік,



Т. НИЯЗОВ,
Орал қаласы №2 сотының судьясы

құқықтық тәртіп те тұрақты болады. Осылайша, судьялық әдеп – әділ сот төрелігінің берік іргетасы және сот қызметкерлері үшін маңызды бағдар болып табылады.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КНЕ

ПАРЫЗ БЕН ҚАРЫЗ

Мемлекеттік тілді білу – әрбір Қазақстан азаматының парызы. Сондықтан, ана тілімізді құрметтеп, оны көздің қарашығындай сақтап, дамыту болашақ ұрпақтарымыз үшін үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Мемлекеттік тілдің сот ісін жүргізудегі рөлі, оны кеңінен қолдану мәселелері ең өзекті болып табылады. Тілдің қолданылу аясын кеңейту барысында сот жүйесіндегі көрсеткіштеріміз жақсара түсті. Құжат айналымының мемлекеттік тілдегі үлесіне ай сайын мониторинг жүргізіледі. Атап айтқанда, соттағы кіріс-шығыс, ішкі және жалпы құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің, соттардағы қазақ тілінде қаралып жатқан істердің үлес салмағы, судьялардың және сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейлері де қадағаланады.

Сонымен қатар, сотта құжаттардың мемлекеттік тілде орындалуы керектігі мамандарға үнемі ескертіліп, мемлекеттік мекеме, құқық қорғау органы қызметкерлерімен семинар сабақтар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады. Жиындарда мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің мақсаттары айтылып, арыз-шағымдарды қазақ тілінде дайындау бойынша кеңестер беріледі. Алдағы уақытта да бұл шаралар тоқтамайды.

Сот саласында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – уақыт талабы. Әрбір азамат ана тіліміздің құндылығын өз биігінде сақтап қалу үшін күресуі керек. Тілді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең маңызды бағыты болып табылады.

А.КАРАДЖАЕВА,
Қазақстан Республикасы Маңғыстау облысы бойынша Сот әкімшілігі департаментінің құжат айналымы бөлімінің басшысы

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекетті қалыптастыруға бағытталған ауқымды реформалар жүзеге асырылуда. Әсіресе қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамаларды жетілдіру мәселесі мемлекет саясатының маңызды басымдықтарының біріне айналды. Заң үстемдігін қамтамасыз ету, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау, сот төрелігінің әділдігі мен ашықтығын арттыру – жүргізіліп жатқан реформалардың негізгі мақсаты болып табылады.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ЗАҢНАМАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің жолдауларында сот жүйесін жаңғырту, азаматтардың сотқа деген сенімін күшейту және құқық қорғау қызметін ізгілендіру мәселелеріне ерекше назар аударып келеді. Осы бағытта Қылмыстық кодекстің пен Қылмыстық-процестік кодекстің біртұтас өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазіргі кезеңдегі реформалардың басты ерекшелігі – қылмыстық саясаттың жазалау сипатынан адам құқықтарын қорғауға бағытталған құқықтық модельге көшуінде. Бұрынғыдай тек қатаң жаза тағайындау тәжірибесінен гөрі, әділдік, тепе-теңдік және құқықтық кепілдіктерді сақтау қағидалары алдыңғы орынға шықты.



2024–2025 жылдары қабылданған заңнамалық өзгерістердің ішінде сот жүйесін реформалау мәселелері ерекше маңызға ие болды. Соның бірі – дербес кассациялық соттардың құрылуы. Өткен жылы Қазақстанда қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша тәуелсіз кассациялық соттар жұмыс істей бастады. Бұл өзгеріс сот төрелігінің сапасын арттыруға және азаматтардың құқығын қорғаудың қосымша кепілдігін қалыптастыруға бағытталған. Бұрын кассациялық сатыдағы қарау рәсімі күрделі әрі шектеулі сипатта болса, жаңа реформалар нәтижесінде кассациялық тәртіппен қаралатын істердің ауқымы кеңейтілді. Ендігі жерде азаматтардың заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау мүмкіндігі артып отыр. Бұл, өз кезегінде, сот қателіктерін азайтуға ықпал етеді.

Сот практикасы көрсетіп отырғандай, соңғы өзгерістер соттардың адам құқықтарын қорғау мәселесіне ерекше мән бере бастағанын аңғартады. Әсіресе бұлтартпау шараларын қолдану кезінде халықаралық құқықтық стандарттарға сәйкес келетін тәсілдер қалыптасуда. Бұрын қамауға алу бұлтартпау шарасы кеңінен қолданылса, қазіргі таңда соттар кепіл, ұйқамақ, жеке кепілдік сияқты балама шараларды жиі қолдануға көшті.

Конституциялық Соттың бірқатар нормативтік қаулылары да қылмыстық процесітегі адам құқықтарын қорғауды күшейтуге елеулі әсер етті. Мысалы, ұйқамақтағы тұлғалардың құқықтарын қорғауға байланысты қабылданған шешімдер соттардың құқықтық ұстанымдарын қайта қарауына негіз болды. Конституциялық Сот үйде қамауда отырған адамның қорғаушымен еркін байланысуы мен медициналық көмек алу құқығы толық сақталуға тиіс екенін атап көрсетті.

Қазіргі таңда тергеу судьясының рөлі де едәуір күшейтілді. Тергеу әрекеттеріне санкция беру, күзетпен ұстау мерзімдерін бақылау, азаматтардың шағымдарын қарау мәселелерінде сот бақылауының тиімділігі артып келеді. Бұл құқық қорғау органдары қызметіндегі заңсыздықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Сот практикасына талдау жасайтын болсақ, соңғы жылдары ақтау үкімдерінің үлесі біртіндеп өсіп келе жатқанын байқауға болады. Бұл – соттардың тәуелсіздігінің күшейіп келе жатқанының көрінісі. Егер бұрын соттар көбіне айыптау бағытын ұстанады деген пікір қалыптасқан болса, қазіргі таңда дәлелдемелер жеткіліксіз болған жағдайда ақтау үкімдерін шығару тәжірибесі нығайып келеді. Сонымен қатар, қылмыстық процесіте цифрландыру жүйесі енгізілуде. Электронды қылмыстық іс, онлайн сот отырыстары, бейнеконференц байланыс арқылы іс қарау тетіктері сот өндірісінің ашықтығын арттырды. Әсіресе бұл шағыл өңірлердегі азаматтардың сотқа қолжетімділігін жеңілдетті.

Қылмыстық заңнаманы ізгілендіру бағытында да маңызды қадамдар жасалды. Экономикалық сипаттағы кейбір құқық бұзушылықтар бойынша қылмыстық жауаптылық жеңілдетіліп, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау тетіктері жетілдірілді. Сонымен қатар, алғаш рет құқық бұзушылық жасаған тұлғаларға қатысты баламалы жазаларды қолдану тәжірибесі кеңейіп келеді.

Қылмыстық-процестік заңнамадағы өзгерістер адвокаттардың мәртебесіне де оң әсер етті. Қорғаушының іске қатысу мүмкіндіктері кеңейтіліп, күдіктінің қорғану құқығын қамтамасыз ету кепілдіктері күшейтілді. Бұл – әділ сот төрелігінің маңызды элементтерінің бірі. Қоғамда резонанс тудырған қылмыстық істер бойынша да соттардың дәлелдемелерді жан-жақты зерттеуге, процесіте талаптарды қатаң сақтауға ерекше назар аударып отырғанын байқауға болады. Мұның бәрі сот актілерінің сапасын арттырып қана қоймай, азаматтардың сот билігіне деген сенімін нығайтады.

Әрине, сот жүйесін реформалау бір күнде жүзеге асатын процесі емес. Қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамаларды жетілдіру үнемі уақыт талабына сәйкес жалғасып отыруы қажет. Заңдардың тұрақтылығы мен сапасы, құқық қолдану тәжірибесінің бірізділігі – құқықтық мемлекеттің негізгі көрсеткіштерінің бірі.

Қазақстандағы қылмыстық және қылмыстық-процестік заңнамаларға енгізіліп жатқан өзгерістер сот төрелігінің сапасын арттыруға, адам құқықтарын қорғауды күшейтуге және қоғамдағы заң үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өткен жөн. Судьялардың басты міндеті – заңды әділ әрі бейтарап қолдану арқылы азаматтардың құқықтарын мен бостандықтарын қорғау. Қазіргі реформалар сот жүйесінің жаңа сапалық кезеңге қадам басқанын көрсетеді. Ең бастысы – заң үстемдігі мен әділдік қағидалары қоғам өмірінің негізгі құндылығына айналуы тиіс.

А.ХАСЕНОВА,
Ақтау қалалық сотының судьясы

ТАЛҚЫ

САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖЕТІЛДІРІЛЕ БЕРЕДІ

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлауды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары бірінші оқылымда қаралды.



Құжаттарды депутаттар алдында Премьер-Министрдің орынбасары, Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин қолдады. Жұманғарин мырзаның айтуынша, бұған дейін Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі заң жобасы бірінші оқылымда қабылданған. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлауды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бойынша негізгі өзгерістер сайлау рәсімдерінің ашықтығын арттыру, сайлау қорларынан тыс қаржыландыруға тыйым салу, әкім лауазымына үміткерлер арасында дауыстар тең түскен жағдайда қайта дауыс беру тәртібін енгізу, бір адамның бір уақытта мәслихат депутаты және әкім лауазымына кандидат болуына тосқауыл қою, сайлау комиссиялары мүшелеріне қойылатын талаптарды күшейту және олардың жауапкершілігін арттыру, сенімді өкілдердің мәртебесін нақтылау, сайлау комиссиясы мүшелерінің өкілеттігін уақытша тоқтату тәртібін реттеу, жаңадан құрылған немесе қайта ұйымдастырылған әкімшілік-аумақтық бірліктердегі сайлау комиссиялары мүшелерінің өкілеттік мерзімін айқындау шараларын қамтиды.

Конституциялық заң нормаларын іске асыруға бағытталған ілеспе заң жобаларында онлайн-платформаларды пайдалану тәртібін реттейтін және барлық кандидаттарға тең жағдай жасайтын нормалар енгізілді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес, онлайн-платформаларда үгіт материалдарын орналастырудан бас тартқаны немесе кандидаттарға тең жағдай жасамағаны үшін: жеке тұлғаларға 20 АЕК (айлық есептік көрсеткіш), заңды тұлғаларға 50 АЕК көлемінде әкімшілік жауапкершілік қарастырылып отыр. Сондай-ақ сайлау қорларынан тыс қандай да бір матери-

Талқылау барысында сайлау кезіндегі жалған ақпарат таратқы мәселесі де сөз болды. Депутаттар мұндай әрекеттердің саяси бәсекелестікке нұқсан келтіретінін айтып, прокуратура органдарының назарын аудару қажеттігін мәлімдеді. Сонымен қатар кандидаттардың атынан үгіт жүргізу үшін олардың жазбаша келісімі болуы міндетті екені ескертілді. Тиісті орган өкілі бұл ретте егер кандидаттың жазбаша келісімі болмаса, бұл заң талаптарына қайшы келетінін мәлімдеді.

алдық көмек алуға тыйым салынбақ. Бұл ретте тек кандидаттардың немесе саяси партиялардың сайлау қорларынан қаржыландыруға ғана рұқсат етіледі. Сайлау қорынан тыс қаржылық немесе өзге де материалдық көмек алған жеке тұлғаларға 25 АЕК, заңды тұлғаларға 55 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Сонымен қатар қолданыстағы Конституциялық заңнама қаржыландыру ережелерін бұзған жағдайда кандидаттың немесе партиялық тізімнің тіркелуін тоқтату түріндегі конституциялық жауапкершілікті де қарастырады. Бұл сайлау науқандарын жасырын және бақылаусыз қаржыландырудың алдын алуға бағытталған.

Жаңа құжатта кандидаттың үгіт жұмысына бөлінген мемлекеттік бюджет қаражатын пайдалану тәртібін бұзғаны үшін де жауапкершілік күшейтіліп отыр. Бұл бұзушылықтар үшін айыппұл мөлшері 5-тен 25 АЕК-ке дейін ұлғайтылған. Елдің Бас экономисінің айтуынша, мұның бәрі бюджет қаражатын мақсатты әрі ашық пайдалануға ықпал етеді.

Құжаттарды талқылау барысында депутаттар жергілікті қоғамдастық жиналыстарының өкілеттігіне ерекше назар аударды. Депутат Қазыбек Әлішев әкімге сенімсіздік білдіру мәселесі қаралатын жағдайда жиналыстың күн тәртібін әкімнің өзі бекітуі мүдделер қалыптасуына алып келуі мүмкін екенін айтты. Үкімет өкілі бұл мәселеге орай күн тәртібі әкімнің жеке шешімімен емес, қоғамдастық мүшелерінің дауыс беруі арқылы бекітілетінін жеткізді. Оның айтуынша, әкімнің рөлі – ұйым-

дастыру жұмыстарын жүргізу және жиналыстың өтуін қамтамасыз ету. Ал шешімді жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелері қабылдайды.

Заң жобасын талқылау барысында депутаттарды кері қайтарып алу рәсімін цифрландыру мәселесі де көтерілді. Депутаттар қазіргі қолданыстағы тәртіп бойынша сайлаушылардың кемінде 10 пайыз қолын қағаз жүзінде жинау күрделі процесс екенін айтты. Орталық сайлау комиссиясының өкілдері қол жинауға арналған нысандар интернет-ресурстарда жарияланатынын, алайда рәсімді толық электронды форматқа көшіру қазіргі заңнамада қарастырылмағанын жеткізді. Сонымен бірге ақпараттық қауіпсіздік пен азаматтардың жеке деректерін қорғау мәселелерін жан-жақты қарау қажеттігі айтылды.

Сондай-ақ депутаттар сайлау қорларынан тыс қаржыландыру мен бюджет қаражатын пайдалану мәселесіне де назар аударды. Мемлекеттік органдар өкілдерінің айтуынша, заң бұза отырып жұмсалған кез келген бюджет қаражаты тексеру қорытындысы бойынша міндетті түрде мемлекетке қайтарылады. Бұл орайда ведомство өкілі:

– Алдымен құжаттар тексеріледі, содан кейін ғана қаражат бөлінеді. Егер керісінше жағдай орын алса, бұл – жауапты тұлғалардың жауапкершілігі, – деді.

Әділет министрлігінің өкілдері Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте кандидаттардың мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаражатты мақсатсыз пайдалануына қатысты жауап-

кершілік көзделгенін атап өтті. Талқылау барысында сайлау кезіндегі жалған ақпарат тарату мәселесі де сөз болды. Депутаттар мұндай әрекеттердің саяси бәсекелестікке нұқсан келтіретінін айтып, прокуратура органдарының назарын аудару қажеттігін мәлімдеді. Сонымен қатар кандидаттардың атынан үгіт жүргізу үшін олардың жазбаша келісімі болуы міндетті екені ескертілді. Тиісті орган өкілі бұл ретте егер кандидаттың жазбаша келісімі болмаса, бұл заң талаптарына қайшы келетінін мәлімдеді.

Депутаттар сайлау қорытындылары хаттамаларын интернет-ресурстарда жариялау мәселесіне де назар аударды. Орталық сайлау комиссиясының мәліметінше, бұл қадам сайлау процесінің ашықтығын арттыруға және азаматтардың сенімін күшейтуге бағытталған. Сонымен қатар халықаралық стандарттарға сәйкес келетіні айтылды.

Заң жобаларын қарау барысында қосымша түзетулер де ұсынылды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау институтынан мәслихаттардың келісімі арқылы тағайындау моделіне қайта көшу мәселесі көтерілді.

Конституциялық реформа аясында 70-ке жуық заңға, сондай-ақ бірнеше кодекске өзгерістер енгізу жоспарланып отыр.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

БІРЛІК

ҰНТУМАҚ КОМЬЮНИТИ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Орал қаласында конфессияаралық келісімді нығайту мен діни тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған ҰНТУМАҚ комьюнити орталығы пайдалануға берілді. Оның ашылу рәсіміне облыс әкімі Нариман Төреғалиев қатысты. Жаңа алаңда дін саласындағы мәселелер «бір терезе» қағидаты бойынша қарастырылады. Басты мақсат – өңірдегі діни бірлестіктер арасындағы сындарлы байланысты нығайтып, деструктивті идеологияларға қарсы тұрудың заманауи тетіктерін жетілдіру. Мұнда азаматтарға заңгерлік және теологиялық кеңестер беріліп, конфессия өкілдерінің басын қосатын ашық диалог алаңы жұмыс істейді. Сондай-ақ, мамандар өңірдегі діни ахуалға кешенді талдау мен мониторинг жүргізеді.

Мекеме директоры Мейрамбек Кабдоллин аймақ басшысына өңірдегі діни ахуалды зерделеуге арналған ҰНТУМАҚ ВQO мобильді қосымшасының мүмкіндіктерін таныстырды. Бұл цифрлық жүйе 6 негізгі бағытты, атап айтқанда ақпараттық алдын алу хабы, «All жауап беруші» чат-боты, «Стоп

радикализм» айдары, «ДінГИС» картасы, жедел желі және «Кибер қорған» секторларын қамтиды.

Қазіргі таңда орталықта 24 маман тұрақты жұмыс істейді. Олар «Киберқадағалау» жүйесі арқылы интернет кеңістігіндегі күмәнді сайттар мен теріс бағыттағы жарияланымдарды бұғаттау тетіктерін іс жүзінде көрсетті. Мұндай технологиялық шешімдер ақпараттық қауіпсіздікті күшейтуге және деструктивті ағымдардың алдын алуға бағытталған. Бұл қадам өңірдегі рухани тұрақтылық пен конфессияаралық татулықты сақтауда маңызды рөл атқарады.

Орталық қызметімен танысқан облыс әкімі мұндай алаңның маңызын атап өтті.

– Өңір халқы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті Қазақстанды құру жолындағы саясатына біртұтас ұлт ретінде сенімді тірек болып келеді. Ал, дінаралық және конфессияаралық келісім мен татулық – басты құндылықтардың бірі. Бұл бағыттағы кешенді шаралар жалғаса береді, – деді Нариман Төреғалиев.

БКQ әкімінің баспасөз қызметі

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Өткен жылдан бастап еліміздің бірнеше өңірінде Полиция департаментінің жанынан жаңа Жедел басқару орталықтары ашылған болатын. Аталған орталық жуырда Кентау қалалық Полиция бөлімінде де ашылды. Бұл орталық «Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асыру және қоғамдық қауіпсіздікті цифрлық технологиялар арқылы қамтамасыз ету мақсатында іске қосылды. Жаңадан өз қызметін бастаған орталықтың жұмысымен орталық басшысы Мадияр Әшірхан таныстырды.

ҚАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – СЕНІМДІ ҚОЛДА



Құрылысы жақында ғана аяқталған орталыққа су жаңа техникалық құралдар орналастырылды. Әзірге бұл орталықта екі қызметкер жұмыс жасауда. Жыл соңына дейін қызметкерлердің қатары да толықтырылмақ.

Жедел басқару орталығының басты міндеттерінің бірі – қала аумағы бойынша келіп түскен ақпараттарды талдау және өңдеу. Яғни, полицияның

кешенді күштері, учаскелік полиция инспекторларының және кезекші тергеу топтары жұмыстарын тәулік бойы үйлестіреді.

Жаңадан ашылған Жедел басқару орталығының бейнебақылау камераларының көмегімен күнделікті қала аумағындағы көше киелі нысандарындағы кептелістерді ретке келтіру, қоғамдық орындар мен көшелерде қылмыстардың алдын алу жұмыстарын атқаруда өз көмегін тигізуде.

Сондай-ақ, бейнебақылау камераларының көмегімен жолда жүру ережесін бұзған автокөліктер анықталып, оларға тиісті деңгейде әкімшілік шаралары да қолданылуда. Бұл қызметтің басты міндеті – қала тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оқиға орнына полиция кешенді күштерін дер кезінде жолдау.

Кентау қаласының кіреберісінде бастап орталық көшелерінде 100 бейнекамера орнатылып іске қосылды. Қойылған бейнекамералардың көмегімен әртүрлі деңгейдегі әкімшілік құқықбұзушылықтар мен қылмыстың алдын алу жоспарлануда.

– Кентау қаласында жедел басқару орталығы ашылды. Әмбебап кешен бір мезетте 100-ден астам бейнебақылау камерасын қадағаламақ. Бұдан бөлек заманауи үлгідегі қараңғыда, нашар көрінетін жерде жұмыс істей алатын 5 дана SUNQAR автоматты басқару жүйесі орнатылып, іске қосылды. Шаһар көшелерінде орнатылған құрылғылар қауіпсіздікті толық қамти алады. Сондай-ақ, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған қолжетімді 10-дана «SOS» дабыл батырмасы да іске қосылды. Бейнебақылау камералары қалаға кіреберістен бастап әр көшеге орнатылды. Сонымен қатар, бұл камера көліктің номері мен оның ішінде отырған адамның бет-бейнесін де нақты анықтайды. Осылайша, шағын шаһардағы бейнебақылау камераларының көмегімен тәртіп тәулік бойы полиция қызметкерлеріне қадағаланбақ, – деді Кентау қалалық ПБ Жедел басқару орталығының бастығы полиция майоры Мадияр Темірханұлы.

Жедел басқару орталығы бастығының сөзіне қарағанда алдағы уақытта республика тарапынан 300-ден аса камера және қалалық әкімшілік тарапынан 130 бейне бақылау камерасы қойылмақ.

Кентау Жедел басқару орталығының жұмысымен танысу барысында, аталған орталықта қызмет атқаратын топтардың да қызметімен таныстық. Бұл орталықта әзірге екі қызметкер қызмет атқарады. Олар – адамдардың көп жиналатын жерлерін бақылап, тәртіпті қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында көлік көп жүретін киелі нысандар мен магистральдардағы жағдайды бақылай отырып, күзетілетін адамдарға еріп жүруге бейнебақылау жүргізіп, жедел тергеу қызметтерімен ақпарат алмаса отырып, камералар арқылы іздеу жұмысын жүргізеді, белгілі болған қылмыстарға уақытылы ден қоюға жауапты болады. Қазіргі таңда бейнекамералардың арқасында аса ауыр қылмыстар да ашылуда.

Сонымен қатар осы жылдан бастап Кентау қаласының көшелерінде полицейді шақыратын арнайы қондырғылар орнатылды. SOS батырмасы бар құрылғы халық көп шоғырланатын орындарға орнатылған. Осылайша өміріне қауіп төнген тұрғындар мен құқық бұзушылықтың куәгерлері жедел басқару орталығымен тікелей байланыс орната алады. Осы құрылғы арқылы бір күнде онға жуық адам өз арызын осы құрылғының көмегімен полицияға тіркейді. Олар бұзақыдан төнген қауіп пен қолды болған құнды заттары және көшеге қоқыс тастағандар үшін арызданған. Полициялар қылмысты жедел ашу үшін әрбір секунд маңызды деп есептейді.



– Кез келген жағдайда дабыл батырмасын басып, қоңырау шалуға болады. Ұрлық пен бұзақылықты қоспағанда, өзін жайсыз сезінген тұрғындар да полицияға іск арта алады. Барлық азаматтың ұялы телефонында арнайы батырма бола бермейді. Кейде телефонының қуаты сөніп қалуы да мүмкін. Осындай кезде шұғыл әрекет етіп, жедел басқару орталығынан көмек сұраса болады. Өйткені, жол ережесін елемейтін жүргізушілер көбейді. Автобус іс-шарасын өткізіп тұрамыз. Екінші жолақтан тоқтап, жолаушыларды түсіреді. Жылдамдықты асырады. Солардың бәрін анықтап, алдын алу мақсатында камераларды жедел басқару орталығына қостық, – дейді полиция майоры.

Күн сайын ЖБО қызметкерлері азаматтардың өтініштерін қабылдап, өңдеуге сақайдай сай. Жедел басқару орталығының қару-жарағында – заманауи басқару пульті төтенше жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік беретін «SOS» стационарлық қоңырау жүйесі бар. Аталған саланың сақшыларының жұмысы жоғары зейінділікті, жеделдікті және жауапкершілікті талап етеді, себебі олардың әрекетіне көбіне адамдардың өмірі мен қауіпсіздігі байланысты екені анық.

Раушан НАРБЕК

ҚЫЗМЕТ ПЕН МІНДЕТ



**МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ
МЕҢГЕРГЕН САҚШЫЛАР
КӨПКЕ ҮЛГІ**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осындай бейбіт елде өмір сүріп жатқанымыз мақтан тұтамын, – дейді Шухрат Сунатуллаұлы.

Қоғамдық тәртіп пен заңдылықты қамтамасыз ету жолындағы қызметімен қатар, Шухрат отбасы тәрбиесіне де ерекше мән береді. Бүгінде екі ұл, екі қыз тәрбиелен отырған әке балаларының бойына отансүйгіштіктен бірге тілге деген құрметті сіңіруді басты міндет санайтынын жасырмады.

Шухрат Назаровтың еңбек жолы мемлекеттік тілдің қоғамдық маңызын арттырумен қатар, құқық қорғау саласындағы халық пен полиция арасындағы сенімді нығайтуға да ықпал етіп келеді. Өйткені азаматтардың арыз-шағымын түсіну, олардың мәселесіне заң аясында әділ шешім ұсыну – құқық қорғау органдары жұмысының басты қағидаты.

**Заңға адалдық –
басты ұстаным**

Өңірдің азаматтық әрі құқықтық қоғам қалыптастыруда адал еңбегімен көзге түскен полиция қызметкерінің бірі Мақтаарал аудандық полиция бөлімінің аға тергеушісі, полиция капитаны Аброр Махаматов. Терең білімі, кәсіби біліктілігімен қатар, Аброр Ақбарұлы мемлекеттік тілге деген құрметімен ерекшеленетін мамандардың бірі.

Түркістан облысы Мақтаарал ауданының тумасы 2017–2021 жылдары Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында білім алған. Кейін Шымкент қаласы Өл-Фараби аудандық полиция басқармасында учаскелік полиция инспекторы қызметін атқарып, 2023 жылдан бастап Мақтаарал аудандық полиция бөлімінде анықтаушы, тергеуші болып еңбек еткен. Қазіргі таңда аға тергеуші қызметін абыроймен атқарып келеді.

Тергеуші жұмысының негізгі өзегі – халықпен тікелей байланыс. Әрбір құқық бұзушылықтың мән-жайын анықтау, азаматтардың уәжін тыңдау, заң талаптарына сай шешім қабылдау

– үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Бұл бағытта мемлекеттік тілді еркін меңгерудің маңызы зор. Аброр Махаматов қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысып, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту бағытындағы бастамалардан шет қалмаған. Осы еңбегі үшін Ішкі істер министрлігінің бірқатар Алғыс хаттарымен марапатталыпты.

– Жұмысымыз халықпен тығыз байланысты. Сондықтан әрбір азаматтың мәселесіне заң аясында көмек көрсету – біздің басты міндетіміз. Қызметтің қиындығы да, жауапкершілігі де жоғары. Елдің алдында берген антқа адал болып, құқықтық көмек қажет еткен азаматтарға заң шеңберінде қолдау көрсету – үлкен парыз. Ал Қазақстанда тұрып «Қазақ тілін үйренгім келеді» деген сөздің өзі артық деп ойлаймын. Өйткені, әр азамат өзі өмір сүрген мемлекеттің тілін, салт-дәстүрін құрметтеп, оны өзінің өмірлік ұстанымына айналдыруы қажет, – деп атап өтті Аброр Ақбарұлы.

Қызметте талапшыл, отбасында қамқор әке Аброр Махаматов бос уақытын балаларымен өткізіп, ұлдарын еңбекқорлыққа, тәртіпке және отансүйгіштікке тәрбиелеуге басымдық береді.

**Қоғамдық сенім мен
қауіпсіздіктің негізі**

Қазіргі таңда құқық қорғау органдарының басты міндеттерінің бірі – қоғамда заңға құрмет мәдениетін қалыптастыру, құқық бұзушылыққа «нөлдік төзімділік» қағидатын орнықтыру және халықпен тиімді байланыс орнату. Бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижелі болуы көбіне полиция қызметкерлерінің кәсіби біліктілігімен қатар, олардың азаматтармен ортақ тіл табыса білуіне де байланысты болатыны сөзсіз. Бұл орайда мемлекеттік тілді жетік меңгерген полициялардың қызметі құқық қорғау органдары мен халық арасындағы өзара сенімді арттыра түспек. Өйткені тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, қоғамдық түсіністік пен бірліктің де алтын көпірі.

МӘСЕЛЕ

**ЦИФРЛАНДЫРУ:
ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТЕ МЕ,
ҚИЫНДАТА МА?**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қамқоршылық саласында да жүйелі сәйкессіздік байқалады. Қамқоршылықты белгілеуді растайтын сот шешімдері мен үкіметтік актілердің болуына қарамастан, тиісті деректер электронды жүйелерде әрқашан көрсетіле бермейді. eGov.kz арқылы өтініш берген кезде қамқоршының мәртебесі танылмауы мүмкін. Нәтижесінде азаматтар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы құжаттарды қайта тапсыруға мәжбүр болады. Бұл заңды түрде белгіленген факт пен оның цифрлық танылуы арасындағы алшақтықты көрсетеді.

Негізгі мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу кезінде де мәселелер туындайды. Қазіргі тұрғылықты жері бойынша тіркеудің болмауы eGov.kz арқылы белгілі бір қызметтерді алуды қиындатады. Мұндай жағдайда азаматтар мемлекеттік органдарға жүгінуге мәжбүр болады, бұл цифрландырудың артықшылықтарын іс жүзінде жоққа шығарады. Нәтижесінде, цифрлық және дәстүрлі (қағаз) жүйелер қатар жұмыс істей береді.

Зейнетақы алуға өтініш берген

кезде азаматтар жұмыс тәжірибесін мұрағаттық анықтамалармен растауы керек, тіпті ішінара жоғалған немесе зақымдалған жазбасы бар еңбек кітапшасы болса да. Сонымен қатар, посткеңестік кезеңдегі деректердің айтарлықтай бөлігі мұрағаттарда жоқ. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жұмыс тәжірибесін қайта растау ауыртпалығын азаматтарға тиімді түрде жүктейді. Осылайша, дәлелдеу ауыртпалығы мемлекеттен азаматқа ауысады.

Тілдің қолжетімділігі ерекше назар аударуға тұрарлық. eGov.kz порталы ресми түрде үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілінде жұмыс істейді. Дегенмен, іс жүзінде қазақша нұсқа аударма сапасы мен пайдаланудың қарапайымдылығы жағынан төмен. Жүйе бастапқыда негізінен орыс тілінде жасалған, бұл интерфейсін аудармасына және қызмет мазмұнына әсер етті. Кейбір жағдайда дәлсіздік пен терминологиялық сәйкессіздік кездеседі. Нәтижесінде пайдаланушылар ақпаратты дұрыс түсіну үшін орысша нұсқасына жүгінуге мәжбүр. Шын мәнінде, мемлекеттік тіл формальды түрде ұсынылған, бірақ азаматтардың құқықтарының жүзеге асы-

рудың толыққанды құралы ретінде ұсынылмаған. Сонымен қатар, ағылшын тіліндегі нұсқаның болуы мемлекеттік тілдегі нұсқа сапасының жеткіліксіздігімен бірге, цифрлық даму басымдықтарындағы теңгерімсіздікті күшейтеді. Талдау цифрландыру процесіндегі жүйелік қайшылықтарды анықтайды. Бір жағынан, мемлекет азаматтардың құқықтарының басымдығын жариялайды және цифрлық құралдарды енгізеді. Екінші жағынан, әкімшілік логика сақталып, азаматтарды жүйенің өзінде бар кедергілерді жеңуге мәжбүр етеді. Нәтижесінде, азаматтар: мемлекет иелігінде бар деректерді жинайды, заңды фактілерді қайта дәлелдейді, мемлекеттік жүйелердегі сәйкессіздіктерді жояды. Мұндай жағдайларда цифрландыру жеңілдету құралы ретінде емес, процедуралық күрделіліктің жаңа түрі ретінде әрекет етеді. Құқықтық мемлекет цифрлық қызметтердің қолжетімділігімен емес, азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және қорғаудың нақты мүмкіндігімен анықталады.

**Сәбит ЖЕҢІСҰЛЫ,
құқық магистрі**

БЕЗБЕН

**КІТАП БАЛАМЕН БАЙЛАНЫС
ОРНАТАТЫН ҚҰРАЛ БОЛУ КЕРЕК**

Балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру баса маңызды. Мамандардың айтуынша, кітап оқу тек білім беріп қоймай, баланың ойлау қабілетін, мінезін және дүниетанымын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Алайда психологтар кітапты оқып қана қою жеткіліксіз, баламен бірге шығарманы талқылау тиімді деген пікірде.

Балалармен жұмыс жөніндегі едіскер әрі отбасы және балалар психологы Гүлбану Батырғалиқызының айтуынша балалар кітаптағы ақпаратты өртүрлі қабылдайды. Оның сөзінше, әр баланың мінезі, жасы және интеллектуалдық деңгейі өртүрлі болғандықтан, шығарманың мазмұнын түсінуі де өзгеше.



– Қазіргі балалардың кітапқа қызығушылығы қандай?

– Балалар ақпаратты өте жылдам қабылдауға үйреніп қалған. Әлеуметтік желідегі қысқа видео, түрлі платформалар баланың зейінін бірнеше секундқа ғана ұстайды. Ал кітап оқу кезінде бала ұзақ уақыт ойлануға, мәтінді елестетуге, оқиғаға эмоциялық тұрғыда енуге мәжбүр болады. Бұл миды көбірек жұмыс істетеді. Сол себепті көп бала бастапқыда кітап оқудан тез жалығады. Бірақ бұл балалар кітапты мүлде жақсы көрмейді деген сөз емес. Егер балаға қызықты кітап таңдалып, оны бірге талқылауға уақыт бөлінсе, оқуға деген қызығушылық біртіндеп қалыптасады. Психологияда бір қызық зерттеу бар: тұрақты түрде

кітап оқылатын отбасында өскен балалардың сөздік қоры мен эмоцияны түсіну қабілеті әлдеқайда жоғары болады.

– Баланың кітапты қабылдауы неге байланысты?

– Бұл көптеген факторға байланысты. Ең алдымен жас ерекшелігі маңызды. Мысалы, 5-6 жастағы бала ертегідегі кейіпкерлерді өмірдегі адамдай қабылдауы мүмкін. Ал жасөспірімдер көбіне кейіпкердің мінезіне, ішкі жан дүниесіне назар аударады. Сонымен қатар баланың мінезі де әсер етеді. Сезімтал балалар кейіпкердің қайғысын өз басынан өткендей қабылдайды. Кейбір балалар агрессия көріністерінен кейін мазасызданып, қорқыныш сезінуі мүмкін.

– Кітапты бірге талқылау не үшін маңызды?

– Өйткені бала әрдайым шығарманың негізгі идеясын дұрыс түсіне бермейді. Кейде ол оқиғадағы жаман әрекетті қалыпты нәрсе деп қабылдауы мүмкін. Егер жанында түсіндіретін ересек адам болмаса, балада қате ой қалыптасады. Мысалы, кейбір балалар ертегідегі «күшті кейіпкер бәрін жеңеді» деген ойды агрессия арқылы түсінеді. Ал шын мәнінде шығарманың негізгі идеясы бағылдық немесе әділдік болуы мүмкін. Осындай сәтте ата-ананың түсіндіруі маңызды рөл атқарады. Бір қызығы, ғалымдар балалармен кітап туралы сөйлесу олардың есте сақтау қабілетін де жақсартатынын анықтаған. Себебі талқылау кезінде бала оқиғаны қайта ой елегінен өткізеді.

– Ата-аналар көбіне қандай қателік жібереді?

– Көп ата-ана баланың пікірін тыңдамайды. Олар бірден «бұл дұрыс», «мынау жаман» деп дайын қорытынды айтып береді. Мұндай жағдайда бала өз ойын айтудан қорқып қалады. Тағы бір жиі кездесетін қателік – кітапты тәрбие құралы ретінде тым қатал қолдану. Мысалы: «мына кейіпкер сияқты жалқау болма», «қарашы, тыңдамаған бала не болды?» деген сөздер баланың бойында кінәлілік сезімін қалыптастыруы мүмкін. Кітап қорқыту құралы емес. Ол баламен байланыс орнататын құрал болуы керек. Кейде ата-аналар балаға қымбат дамытушы курс іздейді, ал қарапайым бірге кітап оқу әлдеқайда пайдалы әсер береді. Адамзаттың ең арзан әрі ең елестейтін тәрбиесінің бірі осы шығар.

– Қазіргі ата-аналарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Баламен көбірек сөйлесу керек. Кітап оқыған кезде асықпау маңызды. Бала сұрақ қойса, оны тыңдау қажет. Кейде бір ертегі арқылы баланың ішкі қорқынышы немесе уайымын байқауға болады. Ең бастысы – бала өзін тыңдайтын адам бар екенін сезінуі керек. Сонда ғана ол ойын ашық айтып, эмоциясын дұрыс жеткізе алады. Кітаптың шынайы пайдасы да осында.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»**



P.S. Түркістан өңірінде қызмет етіп жүрген Шухрат Назаров пен Аброр Махаматов сынды азаматтардың еңбек жолы – елге адал қызмет етудің, мемлекеттік тілді құрметтеудің және заң үстемдігін қамтамасыз етудің нақты үлгісі. Олар кәсіби міндетін сапалы атқарып қана қоймай, қоғамда әділеттілік қағидатын орнықтыруға, «Қауіпсіз қоғам» идеясын нығайтуға және құқық қорғау органдарына деген сенімді арттыруға өз үлестерін қосып келеді. Мемлекеттік тілге құрмет пен заңға адалдық қатар өрілген жерде қоғамдық келісім де, тұрақтылық та берік болары анық.

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ**

МӘСЕЛЕ

ЕЛСІЗДЕ ҚАЛҒАН ЕСКЕРТКІШТЕР

Іргесі сөгіліп, бөздей тозған теріскей аймақтарда шоқ жұлдыздай шағын ауылдардың ішінара жабыла бастауы көңілге кірбін үйірмей қоймайды. Күн санап ауыл халқының саны сиреп барады. Балалар санының аздығынан есіктеріне дәу қара құлып ілінген білім ошақтарының саны да көбейе бастаған. Көзге бірден түсе бермейтін, бірақ жүрекке салмақ салатын өзгерістің алдағы бірнеше жылда болуы мүмкін жағдайын ойласаң төбе-құйқаң шымырлап кетеді. Ауыл қотанында уақытқа қарсы тұрған жалғыз қалған бір ғана белгі бар. Ол сонау сұрапыл соғыс жылдарында ел үшін ерлікпен күрескен аға ұрпақтың есімдерін еске салатын – ескерткіштер еді. Бірақ сол ескерткіштердің өзі де бүгінде уақыттың емес, ұмытудың алдында тұрғандай.



Соңғы жылдары өкінішке орай Ақмола облысында ауылдардың қысқаруы айқын сезіліп тұр. Ресми деректерге көз жүгіртсек, елді мекендерді тарату мәселесі жүйелі түрде көтеріліп, халық саны азайған ауылдар біртіндеп карта бетінен мәңгілікке сызылып жатыр. Ақмола облысының статистикалық департаментінің дерегіне қарағанда, соңғы он жыл ішінде ғана облыс аумағында 39 ауыл жойылып кеткен. Тек соңғы бес жылда ғана 16 ауылдың халқы іргесін көтеріп үдері көшкендіктен жабылып тынған. Сөйтіп, бір кездері ақар-шақар ауылдар жұртында қирандыға айналған үйлер мен құрай басқан тарихтың үнсіз сыйдыры ғана талып естіледі.

Мәселен, Жақсы ауданындағы Тайпақ ауылының тағдыры – соның бір көрінісі. Бір кездері мұнда жүзден астам адам тұрғанымен, уақыт өте халық көшіп, 2016 жылы ресми түрде жойылған. Астрахан ауданындағы Ақбейіт ауылы да дәл осындай тағдырды бастан өткізіп, 2025 жылы карта бетінен өшірілген. Бұл – жекелеген мысалдар ғана. Шын мәнінде, мұндай ауылдардың саны ондап саналатыны ақиқат болып тұр. Біраз ауылдар түбірімен жойылып кетсе, ендігі бірер жылда жабылуға шақ қалған ауылдар да аймақта жетіп артылады.

Ауыл жойылғанда ең алдымен көзге түсетіні – бос қалған үйлер мен құлаған ғимараттар екені рас. Бірақ олар да уақыт өте толықтай жоғалып кетеді. Ал бір нысан ұзақ уақыт сақталады. Ол – Ұлы Отан соғысына арналған ескерткіштер. Бұл ескерткіштер кезінде тек сәулеттік элемент емес, сол ауылдың рухани өзегі де еді. Жеңіс күні сол жерде ауылдың бар халқы жиналып, батырлардың есімі аталып, ұрпақ сабақтастығы көзге айқын көрінетін. Ескерткіш – өткен мен бүгінді жалғайтын көпірдей әсер қалдыратын-ды.

Бүгінде сол көпірдің өзі қирап бара-

ды. Қараусыз қалған ауылдардағы ескерткіштер біртіндеп өз келбетін жоғалтып жатыр. Қоршаулары құлаған, тақтайшаларындағы соғыс жылдарында от пен оқтың ортасында қиын тағдырды бастан кешкен ардагерлердің аттары қашалып жазылған жазулар өшкен. Кейбірінде есімдер мүлде оқылмайды. Айналасын арамшөп басып кеткен. Көктемде гүл емес, ошаған мен құрай басып кетеді. Бұл көрініс – жай ғана күтімнің жоқтығы емес, тарихи жадтың көмескіленуі екені ашы да болса шындық. Ескерткіштердің тарихи орны өте зор болғанымен, елсізде қалып бара жатқанына жергілікті тарихшылар да мойындап, ішкі қынжылысын жасырмады.

– Қазақ ежелден бері Атамекен деген киелі ұғым. Ел үдере көшкенімен сол ауылдың жанында ата-бабалардың қорымы қалды. Өкінішке орай қазір ескі бейіттер мен ескерткіштер қалған ауылдар аумақтарының мекеніне айналып барады. Менің өз туған жерім Жетістік ауылы да сонау 1985 жылы екі-ақ үй қалып кейін жойылып кеткен. Бірақ біздің ауылдан шыққан азаматтардың бірлігінің арқасында аталарымыз – Жөлек батырдың ескерткіші қойылып, онымен қоса ауылдан шыққан ардагерлер мен тыл еңбеккерлерінің есімдері жазылған ескерткіш қайта жаңартылды. Ауыл болмаса да жыл сайын тоғызыншы мамырда ел азаматтары ауылға жиналып, бабалар басына құран оқылып, ескерткішке барып өткен тарихымызды бір сәт еске аламыз. Меніңше ауылдардың тарап кетуіне объективті еш себеп жоқ. Уақыт өте келе бәрі біртіндеп қалпына келуі тиіс, – дейді тарихшы-ғалым, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің тарих пәні оқытушысы Ғалымтай Төлепбергенов.

Ақмола облысында мұндай жағдайдың нақты дәлелдері де бар. Зеренді ауданында Ұлы Отан соғысы жауынгерлеріне арналған ескерткіштің вандализмге ұшырауы – соның айқын мысалы. Белгісіз адамдар оның тақтайшаларын жұлып, сыртқы келбетін бүлдірген. Бұл оқиға кездейсоқ бұзақылық сияқты көрінуі де мүмкін. Бірақ шын мәнінде, бұл – қараусыз қалған нысанның заңды тағдыры екені даусыз. Егер ескерткіш тұрақты бақылауда болса, мұндай жағдайға жетпес пе еді деген ой келеді. Яғни, мәселе тек бұзақыларда



ғана емес, жүйенің әлсіздігінде сияқты болып көрінеді.

Ескерткіштерді күтіп ұстау мәселесіне қатысты тағы бір маңызды жайт – оның формалды сипат алуы. Көп жағдайда бұл жұмыс мереке қарсаңындағы бір реттік акциялармен ғана шектеледі. Жылына бір рет тазаланып, боялып, сырттай ретке келтірілгенімен, қалған уақытта олар қараусыз қалатыны жасырын емес. Мұндай тәсіл жүйелі күтім емес, уақытша көрініс қана болатыны түсінікті. Яғни, бұл – мәселені шешу емес, оны жасыру.

Сонымен қатар өңір ішінде де үлкен айырмашылық бар. Кейбір аудандарда ескерткіштердің жағдайы қанағаттанарлық деп бағаланса, енді бірінде олардың бұзылып, қараусыз қалғаны байқалады.

мен түсіп қалған тақтайшаларын қалпына келтіреді. Манайын абаттандырып қояды. Жалпы, өңірдегі ескерткіштердің жағдайы қанағаттанарлық күйде. Ауылдар жабылып қалса да, басқа ауылдарда орналасқан ауылдық округ әкімдері сол ескерткіш тізімде тұрғандықтан ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізіп тұрады, – дейді Жасұлан Үкеев.

Ауылдардың жойылуы тек экономикалық немесе демографиялық мәселе емес. Бұл – тарихи кеңістіктің босап, ұжымдық жадтың да әлсіреуіне әкеліп

тұрған ел азаматтары бұл аса ауқымды әрі күрделі мәселеде түйткілді алдын алғаны жөн деп ойлаймын. Мәселен, Кеңес Одағының қылышынан қан тамып тұрған 1968–1978 жылдары Еркін Әуелбековтің тұсында орысы басым теріскей өңірлердің ішінде қазақ ауылдары мен халқының саны 28 пайызға жеткен тек Көкшетау өңірі еді. Қалған бес облыстың ішінде бұл ең үлкен көрсеткіш болды. Бұл Әуелбековтің қазақ ауылдарының жағдайына шынымен қарасуынан болған еді. Сол сияқты қазір де қазақы ауылдардың бұзылмауына, тарап кетпеуіне ықпал ету қажет. Бұл елдімізге ертеңгі ұрпағымыздың алдындағы аса үлкен сын, – деп толықтырды Ғалымтай Төлепбергенов.

Бүгінгі жағдайды бір ғана сөйлеммен сипаттауға болады: тас тұр, бірақ тарих құлап жатыр. Бұл – эмоциялық баға емес, нақты шындық. Өйткені ескерткіштің физикалық сақталуы оның маңызын сақтайды деген сөз емес. Егер оған деген құрмет жоғалса, ол тек тас күйінде ғана қалады.

Ресми органдар бұл мәселені жоққа шығармайды. Олар ескерткіштерді түгендеу, сақтау жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтады. Бірақ нақты жағдай бұл жұмыстың толық әрі жүйелі жүргізілмей отырғанын көрсетеді. Тізім бар, тіршілік жоқ. Қағазда бар, далада жоқ.

Мәселенің түп-тамыры теренде жатыр. Бұл – урбанизация, көші-қон, ауыл шаруашылығының әлсіреуі және тарихи саясаттың жеткіліксіздігі сияқты бірнеше фактордың түйіскен жері. Бірақ осының ішінде ең қауіптісі – «иесіз ескерткіш» құбылысы. Яғни, тарихи нысан бар, бірақ оған жауапты ешкім жоқ. Мұндай жағдайда оның тағдыры қалай болары белгілі.

Егер бұл үдеріс жалғаса берсе, болашақта біз тек ауылдарды ғана емес, тұтас тарихи қабатты жоғалтуымыз мүмкін. Өйткені әрбір ескерткіш – бұл тек өткеннің белгісі емес, ол – болашаққа берілген сабақ. Ал сол сабақты жоғалтқан қоғам өзінің бағытынан да айырылуы мүмкін.

Сондықтан мәселені тек атап өту жеткіліксіз. Оны жүйелі түрде шешу қажет. Ескерткіштерді толық түгендеп, нақты балансқа бекіту, қараусыз қалғандарын көшіру немесе консервациялау, цифрлық форматта сақтау – бұлардың барлығы нақты қадамдар. Бірақ ең бастысы – қоғамның көзқарасын өзгерту. Өйткені тарихи жадты сақтау тек мемлекеттің емес, бүкіл қоғамның жауапкершілігі.

Өңірде курап тұрған әрбір ескерткіш – бұл жай ғана тас емес. Бұл – үнсіз тұрған сұрақ. Бұл – өткеннің дауысы. Бұл – ұмытылғандардың ескертуі. Егер біз сол дауысты естімесек, ертең өз дауысымызды жоғалтуымыз мүмкін. Өйткені тарихқа селқос қараған қоғам – өз болашағына да селқос қарайды. Ал қараған ескерткіштер – сол селқостықтың тасқа айналған бейнесі.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ЖАСЫЛ ЕЛ

«ТАЗА ҚАЛА – ТАЗА ОРТА»

«Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында Семей қаласындағы Водный кентінде «Таза қала – таза орта» атты экологиялық акция ұйымдастырылды.

Тазалық шарасына облыстық қоғамдық келісім орталығы – Достық үйінің қызметкерлері, Ассамблея мүшелері және қаланың 50-ге жуық белсенді жастары қатысты. Қатысушылар кент аумағын қоқыстан тазартып, қоғамдық орындарды ретке келтіру жұмыстарына белсенді атсалысты.

Айта кетейік, тазалық жұмыстары жүргізілген аумақ әлеуметтік желілерге жасалған мониторинг

нәтижесінде анықталған. Осыған байланысты ұйымдастырушылар қоршаған ортаның тазалығына бей-жай қарамайтын тұрғындардың белсенділігі ерекше маңызды екенін атап өтті.

Шара барысында қатысушылар табиғатты қорғау – әр азаматтың ортақ міндеті екенін айтып, экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды. Мұндай акциялар

жастарды еңбекқорлыққа, жауапкершілікке тәрбиелеп, қоғамдағы тазалық мәдениетін нығайтуға ықпал етеді.

Облыстық қоғамдық келісім орталығы – Достық үйінің әдіскері Еркінбек Өрлеубек тазалықтың қоғам өміріндегі маңызына ерекше тоқталды.

Тазалық тек сенбілікпен шектелетін жұмыс емес, ол – әр адамның күнделікті өмір салтына айналуы керек. Қоршаған ортаны таза ұстау арқылы біз туған жерге деген құрметімізді көрсетеміз. Осындай игі шараларға жастардың белсенді қатысуы қуантады, – деді Еркінбек Өрлеубек.

Акция соңында қатысушылар тұрғындарды қоршаған ортаны таза ұстауға шақырып, мұндай игі бастамалардың алдағы уақытта да жалғаса-

тынын жеткізді. Жалпы, «Таза Қазақстан» республикалық бағдарламасы аясында 4 сәуірден бері облыс бойынша өткізілген экологиялық және санитарлық тазалық шараларына 182 847 адам, сондай-ақ 2 369 ұйым мен мекеме өкілдері қатысты. Тазалық жұмыстарына 958 бірлік техника жұмылдырылды.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде 14 387 аула мен 275 саябақ және сквер аумағы тазартылып, 9 547 тонна қатты тұрмыстық қалдық арнайы полигондарға шығарылды. Сонымен қатар, облыс аумағында 20 750 түп ағаш отырғызылды.

Е.КЕБЕКБАЙ
АБАЙ ОБЛЫСЫ



ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНЕ – 40 ЖЫЛ

ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ҚАЙСАР ҚЫЗЫ

1986 жылы Алматыда басталған Желтоқсан көтерілісінің өсері бүкіл қазақ даласына қозғау салғаны белгілі. Өскемендегі студент жастар да Алматыдағы қазақ жастарын қолдау ниетте Ленин атындағы орталық алаңға шыққан болатын.



Осы кезде өр мінезді, намысшыл Сәбира да группадағы қыздарды ертіп Алматыдағы қазақ жастарына көрсетіліп жатқан әділетсіздікке қарсы наразылық танытпақ ниетте сол шеруге бастан-аяқ қатысқан.

Сәбира Мұхамеджанова – Желтоқсан көтерілісінің ең жас әрі қайсар құрбандарының бірі. Ол 1970 жылдың 1 қаңтарында Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақмектеп ауылында дүниеге келген. 1984 жылы «Ленин жолы» сегіз жылдық мектебін тәмамдап, Өскемен қаласындағы педагогикалық училищеге оқуға түседі (қазіргі Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі).

Шеру басылғаннан кейін биліктерге мен құқық қорғау органдары оқу орындарында арнайы жиналыстар өткізіп, студенттерді қатаң тергеуге алады.

Оның курстастарының естеліктерінде: Сәбира оқыған педагогикалық учи-

лищедегі комсомол жиналысында оны көпшіліктің алдында айыптап, психологиялық қысым көрсетілгені айтылады. Сол кезеңде КГБ мен Ішкі істер бөлімдері бірігіп студенттерді жауапқа тартып, кімдердің алаңға шыққанын анықтауға тырысқан. Сәбираның бірнеше мәрте сұраққа алынғаны жөнінде нақты деректер бар.

Тарихта таңбаланған Сәбираның «Бәрін өз мойнымға алып, сендерді құтқарып қаламын» деген сөзі оның өз басын қатерге тіге отырып, соңына дейін достарын қорғауға тырысқандығын көрсетеді.

1986 жылғы 26 желтоқсанда Сәбира Өскемендегі педагогикалық училище жатақханасында 5-қабаттағы терезеден құлап қаза тапты. Ресми билік мұны «өз-өзіне қол жұмсау» деп түсіндірген. Бірақ көптеген зерттеушілер мен желтоқсаншылар оның өліміне саяси қысым мен тергеудің әсері болғанын айтады.

Ол небәрі 16 жаста еді. Сәбираның ерлігі тек Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана айтылып, оның есімі Желтоқсан қаһармандарының қатарына қосылды. 2021 жылы, яғни арада 35 жыл өткен соң, Сәбира Мұхамеджанова ресми түрде саяси қуғын-сүргін құрбаны ретінде атқалды.

Бүгінде Өскемен қаласында оның атына үлкен көше беру, ескерткіш орнату мәселелері көтеріліп, түрлі форматтағы еске алу шаралары өткізіліп келеді.

Өткен аптада Республикалық «Ұлт тағдыры» қозғалысының төрағасы Дос Көшім, «Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» қоғамдық бірлестігінің экс-төрағасы Бейсенғазы Сәдүллы, ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының қызметкері, жазушы-журналист Нұрымжан Мауыт, желтоқсаншы ардагерлер Санатбек Мамырбай, Сейфолла Бейсенбай, Қайырбай Санат сынды азаматтар Тарбағатай ауданының Ақмектеп ауылына арнайы ат басын бұрды.

Мұнда Желтоқсан көтерілісінің 40 жылдығы қарсаңында осы жердің тумасы, Тәуелсіздік құрбаны Сәбира Мұхамеджанованы еске алу және өзі оқыған мектепке есімін беру жөнінде арнайы ұсынысты талқылау отырысы өткізілді.

Аталмыш іс-шараға Тарбағатай ауданы әкімінің орынбасары Сабырбаев Ержан, Қарасу елді мекенінің бас маманы Шериязданов Дарын, Ақмектеп



ауылының мектеп директоры Әмірғазин Болатбек, ауыл ақсақалдары мен тұрғындары және марқұм Сәбираның ағасы Мұратхан Мұхамеджанов мен жатақханада Сәбираның бір бөлмеде тұрған құрбысы Уатхан Қасымова қатысты.

Іс-шарада Шығыс Қазақстан облыстық «Jeltoqsan-86» қоғамдық бірлесті-

гінің төрағасы Рамазанов Маратбек атқарылып жатқан іс-шаралар жайлы баяндай келе, Сәбираға Зайсан қаласында, облыс, аудан көлемінде ғана емес, тіпті, көршілес Павлодар қаласында да көше атауы берілгенін, Өскемен қаласының Ақмер ауданындағы бұрынғы шағын көшенің аты ауыстырылып, абаттандырылған жаңа үлкен көше берілмек боп жатқандығын сүйіншіледі.

Сондай-ақ, облыс, аудан басшылығының бұл шараларға ерекше көңіл бөліп отырғандарына алғыс білдірді.

Жиылған қауым жиыннан соң Сәбираның бейітіне барып тағзым етіп, ауыл мешітінде құран қатым түсірді.

Бүгінде қайсар қызымыз Сәбира Мұхамеджанова – Желтоқсан құрбандарының бірі ретінде халық жадында жатталды. Оның бейбіт күндегі көрсеткен ерлігі мен қайсарлығы қазақ жастарына үлгі, өнеге.

Желтоқсан қаһармандарының есімі ешқашан ұмытылмайды.

Ұлбала ӘЛІШЕВА,
«Заң газеті»



ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Негізсіз баю институты азаматтық құқықтық қатынастарға қатысушылардың мүлкікті құқықтарын қорғаудың маңызды тетіктерінің бірі. Қолма-қол ақшасыз есеп айырысулардың, электрондық аударымдардың және шарттық қатынастардың көбеюіне байланысты қате аударылған ақша қаражаттарын, заңды негізсіз мүлкікті ұстап қалууды немесе басқа тұлғаның есебінен пайда табууды өндіруге байланысты даулар саны артып келеді.

НЕГІЗСІЗ БАЮ СОМАСЫН ӨНДІРУ ТУРАЛЫ ТАЛАП ҚОЮ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аталған санаттағы істерді қарау кезінде Қазақстанның соттары даулы құқықтық қатынастардың құқықтық табиғатын айқындау, дәлелдеу міндетін бөлу және мүлкікті алуға заңды негіздердің бар-жоғын анықтау мәселелеріне жиі тап болады.

Негізсіз баюдың түсінігі және құқықтық табиғаты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес заңда немесе мәміледе белгіленген негіздерсіз басқа тұлғаның есебінен мүлкік алған немесе сақтан қалған тұлға негізсіз алынған немесе үнемделген мүлкікті қайтаруға міндетті.

Негізсіз баюдан туындайтын міндеттемелер келесі жағдайлар болған кезде пайда болады: бір тұлғаның мүлкікті алуы немесе үнемдеуі; басқа тұлғаның есебінен пайда табу; мүлкікті алудың құқықтық негізінің болмауы; жәбірленуші тараптың мүлкікті шығынға ұшырауы.

Тәжірибеде көбінесе келесі даулар кездеседі: банк арқылы ақша қаражатын қате аудару; міндеттемені екі рет төлеу; шарт болмаған кезде міндеттемені орындау; шарт тоқтатылғаннан кейін авансты ұстап қалу; бөтен мүлкікті заңсыз пайдалану.

Осы санаттағы істерді қараудың негізгі ерекшеліктерінің бірі – тараптар арасындағы дәлелдеу міндетін бөлу. Талап қоюшы жауапкерге мүлкіктің берілгенін немесе ақша қаражатының аударылғанын, сондай-ақ оны алуға

құқықтық негіздің болмағанын дәлелдеуі тиіс.

Өз кезегінде жауапкер мүлкікті алудың заңдылығын, шарттың, міндеттеменің немесе заңда көзделген өзге де негіздердің бар екенін дәлелдеуге міндетті.

Мұндай істер бойынша соттар келесі дәлелдемелерді зерттейді: банктік құжаттар; төземе тапсырмалары; қолхаттар; орындалған жұмыстар актілері; тараптардың хат алмасуы; шарттар мен қосымша келісімдер; электрондық хабарламалар.

Сот тәжірибесі тараптардың нақты еркін және мүлкікті беру жағдайларын анықтауға ерекше назар аударылатынын көрсетеді.

Тәжірибеде шарттық міндеттемелер мен негізсіз баюдан туындайтын міндеттемелерді ажырату барысында қиындықтар жиі кездеседі.

Егер тараптар арасында қолданыстағы шарттық қатынастар болса, соттар негізсіз баю сомасын өндіру туралы талаптарды қанағаттандырудан бас тартады. Мұндай жағдайда дау шарттан туындайтын міндеттемелер шеңберінде шешілуі тиіс.

Тағы бір мәселе – жазбаша шарт болмаған кезде ақша қаражатын өндіру. Мұндай жағдайларда тараптардың нақты құқықтық қатынастарын растайтын жанама дәлелдемелер ерекше маңызға ие болады.

Сонымен қатар бөтеннің ақша қара-

жатын пайдаланғаны үшін пайыздарды есептеу мерзімін анықтау да проблемалық мәселелердің бірі.

Осылайша, негізсіз баю сомасын өндіру туралы даулар Қазақстан Республикасының сот тәжірибесінде маңызды орын алады. Мұндай істерді тиімді қарау үшін істің барлық мән-жайларын жан-жақты зерттеу, тараптар арасы-



Марал ШАХМЕТОВА,
Глубокое аудандық сотының судьясы

дағы құқықтық қатынастардың сипатын дұрыс анықтау және ұсынылған дәлелдемелерге тиісті баға беру қажет.

Аталған санаттағы даулар бойынша сот тәжірибесін жетілдіру заңдылық, әділдік және азаматтық айналымға қатысушылардың мүлкікті құқықтарын қорғау қағидаттарын нығайтуға ықпал етеді.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КӨКЖИЕК

ТҮЛЕКТЕР НАРЫҚ ЗАҢЫНЫҢ ТАЛАБЫНА САЙ

Қазіргі жаһандану жағдайында тиімді мемлекеттік басқару – елдің тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігінің негізгі көпірі. Осы бағытта жоғары білікті мамандар даярлау ісінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті жетекші орынға ие. Университет құрамындағы Экономика және бизнес жоғары мектебі – заманауи экономикалық ойлау мен басқарушылық мәдениетті қалыптастыратын беделді білім ордасы.

Экономика және бизнес жоғары мектебінде жүзеге асырылатын «Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы – кәсіби басқарушылардың жаңа буынын даярлауға бағытталған сұранысқа ие әрі болашағы зор бағыттардың бірі. Бағдарлама мемлекеттік басқару жүйесінде тиімді жұмыс істей алатын, стратегиялық шешімдер қабылдауға қабілетті, қоғам сұранысына жедел жауап беретін мамандарды қалыптастыруда көздейді.

Оқу мазмұны теория мен тәжірибені ұштастыруға негізделген. Білім алушылар мемлекеттік саясатты талдау, стратегиялық менеджмент, жергілікті өзін-өзі басқару, цифрлық басқару жүйелері сияқты маңызды пәндерді меңгеріп, заманауи басқару құралдарын игереді. Сонымен қатар, студенттер нақты кейстермен жұмыс істеп, басқарушылық шешімдердің тиімділігін бағалауды үйренеді, бұл олардың кәсіби дағдыларын айтарлықтай күшейтеді.

Бағдарламаның тағы бір маңызды артықшылығы – тәжірибеге бағытталған оқыту моделі. Студенттер өндірістік тәжірибеден өтіп, мемлекеттік және жергілікті басқару органдарының қызметімен тікелей танысады. Бұл олардың еңбек нарығына бейімделуін жеңілдетіп, кәсіби сенімділігін арттырады. Білім беру үш тілде – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі, бұл түлектерге халықаралық деңгейде жұмыс істеуге жол ашады. Заманауи технологиялар мен интерактивті әдістердің қолданылуы студенттердің сыни ойлау қабілетін дамытып, олардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырады.

«Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасының түлектері мемлекеттік қызметте, жергілікті атқарушы органдарда, ұлттық компанияларда, халықаралық ұйымдарда және жеке секторда табысты еңбек етіп келеді. Олар – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосатын, тиімді басқару мәдениетін қалыптастыратын кәсіби мамандар.

Бақыт БЕКАРЫСТАН,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Экономика және бизнес жоғары мектебі
«Менеджмент» кафедрасының
4 курс студенті

Тұмбай ЖҰМАБЕК,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Экономика және бизнес жоғары мектебі
«Менеджмент» кафедрасының доценті, э.ғ.к.

ИГІ ІС

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Мемлекеттік тіл – тәуелсіз елдің басты құндылықтарының бірі. Қазақстан Республикасының Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бекітіліп, қоғамның барлық саласында қолданылуы маңызды міндет ретінде айқындалған. Соның ішінде сот жүйесінде мемлекеттік тілді дамыту – әділ сот төрелігін қамтамасыз етудің, азаматтардың құқықтарын қорғаудың және заң үстемдігін нығайтудың маңызды кепілі болып табылады.



Сот жүйесі – мемлекеттегі заң мен тәртіптің айнасы. Азаматтардың сотқа деген сенімі ең алдымен сот процесінің ашықтығы мен түсініктілігіне

не байланысты қалыптасады. Егер азамат өз ана тілінде еркін сөйлеп, өз уәжін толық жеткізе алса, бұл оның құқықтарының толық сақталуына мүмкіндік береді. Сондықтан сот өндірісінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту аса маңызды.

Қазақ тілінің сот саласында кеңінен қолданылуы ұлттық құқықтық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етеді. Себебі мемлекеттік тілде жүргізілген

іс жүргізу халыққа заң талаптарын түсінікті етіп жеткізеді. Сонымен қатар, сот актілерінің, талап-арыздардың, процессуалдық құжаттардың мемлекеттік тілде сапалы дайындалуы құқықтық сауаттылықты арттырып, қоғамдағы заңға деген құрметті күшейтеді.

Бүгінде елімізде сот жүйесінде мемлекеттік тілді дамыту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылууда. Судьялар мен сот қызметкерлерінің тілдік біліктілігін арттыру, құжат айналымын қазақ тілінде жүргізу, электронды сот жүйесінде мемлекеттік тілдің үлесін көбейту – осының айқын дәлелі. Бұл бастамалар сот жүйесінің қолжетімді әрі әділ болуына оң әсерін тигізуде.

Айгүл АРҒЫНБАЕВА,
Шалқар аудандық соты
әкімшісінің бас маманы –
сот отырысының хатшысы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

3. «LIMA LTD» ЖШС (БСН 140640019634) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Өнеркәсіптік аймақ 2, 22/2-ғимарат. Тел. 8 701 943 33 71.

6. Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Астана Эко-Полигон НС» МКК (БСН 121040003625) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 13-ғимарат (нақты мекенжайы); ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 48-ғимарат, ВП-1 (заңды мекенжайы).

8. «Imperial PromSnab KZ» ЖШС (БСН 130940006196) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, Сыдық Мұхамеджанов шағынауданы, 29-үй, 42-пәтер.

9. «Алатау – Л» ЖШС (БСН 180940009133) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Шұғыла шағынауданы, Таусамалы шағынауданы, 143/1-ғимарат.

10. «NT Engineering Group» ЖШС (БСН 250440022947) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Нұра ауданы, Әбікен Бектұров көшесі, 4/4-үй.

12. «Brand House» ЖШС (БСН 160140019174) (ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 130000, 2-ықшамауданы, 72-үй, н.п. б), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 130000, Ақтау қаласы, 16-ықшамауданы, 77-үй, 102-пәтер, тел. 8 778 444 17 86.

13. «Бұрма кооперативі» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 251140010112) өз қызметін ерікті түрде тоқтату (тарату) туралы шешім қабылдағанын хабарлайды. Осыған байланысты барлық кредиторлардан талаптарын осы хабарлама жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжайға жолдауды сұраймыз: ҚР, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Бұрма ауылы, Орталық көше, 14-үй, 3-пәтер.

14. «АЗБ-Груп» ЖШС (БСН 190440022288) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылдық округі, Ұзынағаш ауылы, Наурызбай батыр көшесі, 82 А. Тел. 8 702 290 33 49.

16. «AB Trader» ЖШС (БСН 200140023132), мекенжайы: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Ж. Молдағалиев көшесі, 21, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Ж. Молдағалиев көшесі, 21, тел. +77776006660.

18. «КазНур Трейдинг» ЖШС (БСН 151040027132), мекенжайы: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Ж. Молдағалиев көшесі, 21, өзінің тараты-

латыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Ж. Молдағалиев көшесі, 21, тел. +77058124392.

19. «ТОО Акнұрай» ЖШС (БСН 211240012581) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы облысы, Кеген ауданы, Кеген ауылы, Амангелді, 8. Тел. 87478519002.

20. «NanoRent» ЖШС (БСН 250340022844) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақтөбе қаласы, 11-шағынаудан, 112В үй, 110-пәтер. Тел. +7 778 411 11 47.

21. «ALPART» ЖШС (БСН 220540021124) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, а32 көшесі, 3-үй, 50-пәтер, тел. +7 707 474 44 07.

22. «Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Байтұрсынов көшесі, 9 үйдің мүліктік меншік иелері бірлестігі» (БСН 230340044336) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Арқалық қаласы, Байтұрсынов көш. 9. Тел. +77751007760.

23. «Өркен»-спорт және өнер мектебі» ЖШС (БСН 220440011381) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Достық ауылдық округі, Достық ауылы, Амангелді көшесі, 7-үй, индекс 160509.

ӘРТҮРЛІ

4. «KMG Nabors Drilling Company» (KMG Нэйборс Дриллинг Компани) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 100140014826) жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Атырау қаласы, 060011, Әйтеке би көшесі, 55-үй, Речной Дворец, 3-қабат.

5. «Atlas Development» ЖШС (БСН 140840013058) жарғылық капиталдың 1 952 173 (бір миллион тоғыз жүз елу екі мың жүз жетпіс үш) теңгеге азайтылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 280-үй, т.б. 3. Тел. 8 777 733 83 99.

7. «Германид» ЖШС (БСН 160140023658) серіктестіктің жарғылық капиталын 40 000 000 (қырқы миллион) теңгеге азайту туралы Қатысушылардың жалпы жиналысында 2026 жылғы 12 мамырдағы қабылданған № G26/1/2 шешімі туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде ҚР, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Сәкен Сейфуллин даңғылы, 107/3-ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады.

15. «REGULA» ЖШС (БСН 200240003479) жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Рақымжан Қошқарбаев даңғылы, 10/1-үй, 2016-пәтер.

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zangazet@mail.ru

17. «АВТО Жана Кредит» МҚУ» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізетінін хабарлайды.

Сауда-саттық 26.05.2026 жылы сағат 10:00-де Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Кокмайса шағынауданы, 12-үй, автотұрақ мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:

1-лот: NISSAN / Juke, маркалы автокөлік, 2011 ж. ш., козғалтқыш көлемі – 1,6 л, түсі – кара, бастапқы бағасы – 3 946 000 теңге;

Аталған мүлік Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Кокмайса шағынауданы, 12-үй, мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 09:00-ден 17:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Манап Козыбаев көшесі, 10-үй.

Сауда-саттық жемінпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «АВТО Жана Кредит» МҚУ» ЖШС қасасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.

Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Алғабас, 1/38, 58-пәтер, тел. +7 701 549 98 62, төлем реквизиттері: ИИК KZ376018861000388541, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, БИК HSBKZZKX.

25. «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысын өткізетіні туралы хабарлама

«Шығыстүстімет» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік), (Атқарушы органын орналасқан жері: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121) Серіктестік басқармасының шешімі негізінде 2026 жылғы 15 маусымда 11 сағат 00 минутта Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протозанов атындағы көше, 121 мекенжайы бойынша, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 45-бабына сәйкес «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы өз қатысушыларын хабарлар етеді.

Қатысушылары тіркесу 2026 жылғы 15 маусымда жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Жиналысқа қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі 2026 жылғы 14 маусымда 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша жасалады.

Жиналысты, сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 47, 48-баптарымен реттеледі.

Күн тәртібі:

3. «Шығыстүстімет» ЖШС Атқарушы органының құрамын анықтау;

4. «Шығыстүстімет» ЖШС Атқарушы органы туралы Ережені бекіту.

Серіктестіктің қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша ақпаратпен (материалдармен) «Шығыстүстімет» ЖШС Атқарушы органын орналасқан жері бойынша танысуға болады.

МҰРАГЕРЛІК

2. 18.11.2025 жылы қайтыс болған Ахметова Алмаскул Шайхисламовнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісін келгендер болса, нотариус А.Ж. Нурғалиеваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Сүлейменова көшесі, 58/2, тел. 8 777 453 79 79.

11. 26.11.2025 ж. қайтыс болған Сентаев Мұрат Тұрсынбекұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісін келгендер болса, нотариус Г.Д. Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, нөмерсіз. Тел. 8 702 819 64 73.

24. Канхожаева Жарқұнкул Мықтыбековнаның қайтыс болуына және мұралық іс ашылуына байланысты оның мұрагерлерін іздейміз. Хабарландыру жарияланған күннен бастап бір айдың ішінде төмендегі мекенжай бойынша Ақтау қаласы, 32 «А» шағынауданы, №6-үйде орналасқан нотариус Г.К. Ауескановаға хабарласуың сұраймыз. Тел. 8-701-591-88-57.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zangazet@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолықын 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 777 905 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел.: 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158А, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел.: 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar_reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 8747260960

Сана ЖҚ Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемераша көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

БАЙҚАУҒА

(Жалғасы. Басы өткен санда)

– Рақмет! Нан ауыз тиемін. Ізден жатырмыз. Табылған күні өзіңізден сүйінші сұраймын.

– Айтқаның келсін. Сүйіншінді аямаймын, бауырым.

– Қалжың ғой, апа. Біздің жұмысымыз күдіктілерді және сіздердің қолды болған заттарды табу.

– Дегеніне жет! Келгенің жақсы болды ғой. Мына Гүлнәр екеуіміз тіл де қатыса алмай үрпиіп отырмыз. Бұл қыздың қолынан телефон түспейді. Мен өзімді қоярға жер таппай.

– Уайымдамаңыздар! Айттым ғой. Ұры бір түскен үйге кері айналып келмейді.

– Соны айтқаның дұрыс болды. Көңілім орнына түсті. Бір үйде бір ер-азаматтың болғаны жақсы екен. Қалиханым ана жаққа кетіп қалмағанда, бізді ешкім басына алмас еді. Мына қыз да жөні түзу біреуді кіргізіп алмады. Отырысымыз мынау енді омалып.

Үй иесі кемсеңдеп жылдай бастады. Гүлнәр үнсіз басқа бөлмеге шығып кетті. Абылай апайды жұбатып, сабырға шақырды. Әңгімені басқа ауанға бұрғысы келіп:

– Ремонтты қатырыпсыз, апа, – деді. – Е, оны ана Гүлнәр ғой. Жөндетейік, мүлдем ескіріп кетті деп жанымды қоймаған. Қыз бала емес пе? Өзім де күйеуім кеткені айналама мән бермей жүре беріпін. Қарасам көнеріпті әбден. Сосын адам жалдап жөндеттік, тәубе.

– Дұрыс болған екен. Мен жүрейін. Сіздердің амандықты біліп, уайымдамай отырыңыздар деп көзбе-көз айттып кетейін деп келгем. Қажет болсам нөмірім бар. Кез келген уақытта қоңырау соғыңыз. Құстай ұшып жетемін.

– Жарайды. Мың жаса, бауырым. Керек болса айтатын. Елеп-ескеріп жатқаныңа ризамын! Милицияның бәрі өзіңдей болсын. Рақмет!

– Сау болыңыз!

Үйіне түнгі ондар шамасында келген Абылайды бәрі күтіп отыр екен. Папам келді деп жамырасып, жақсы болып қалды. Әсіресе кенжесі Еркеназ өзін қатты күтеді. Тоғызыншы сыныпта оқыса да, әкесіне ерекше ерекелейді. Келген бойда мойнына асылып, жанынан шықпайды. Әкелерінің ертерек келген беті. Жұмыста түнеп қалған күндері жиі. Оған отбасы мүшелері үйренген. Айша шай қойып, кешкі асқа дайындаған тамағын ысытып бәйек болып жатыр. Еркеназ еркелей түсті:

– Папа, табиғат аясына шығайықшы. Қыстай үйде отырдық. Күн жылыды ғой.

– Барамыз, қызым. Сенбі күні апарам. Қазір ұйықта, ерте ерте тұрасың? Сабағың қалай?

– Жақсы. Бүгін біз әдебиеттен Кемел Тоқаев деген жазушының «Түнде атылған оқ» деп аталатын шығармасынан үзінді оқыдық.

– Жарайсың, қызым! Ол бір керемет шығарма.

– Сен де тергеуші болып жұмыс істейсің ғой?

– Әрине. Ол біздің қызмет туралы жазылған.

Қызының әдеби шығармаға назар аударып, өзімен талқылағанына масаттанып қалды. Жақында жазушы Арман Әлменбет деген жігіттің «Тергеуші» деп аталатын романын оқып шыққан. Таң қалды. Біздің жұмыстың ұңғыл-шұңғылын керемет меңгеріпті деп әріптестеріне айтып, әсерімен бөліскен. Бірақ олар онша мән бере қоймады. Немқұрайлықтарына қынжылыңқырап қалды. Кәсіби әдебиетті ғана емес, кез келген саналы адам уақыт тауып, көркем шығармалар оқып тұруы тиіс емес пе? Жан дүниен толысып, рахаттанып қаласың.

Өз бөлмесіне беттеген қызын маңдайынан иіскеді де, ас бөлмесіне



ҚАРМАҚ

кірді. Айшаның тағамының иісін сезгенде қарнының шын ашқанын түсінді.

– Жұмысың қалай? Бүгін өзін жақсы көретін палауыңды әзірледім.

– Орынша жұмыс. Сенен артық осы палауды ешкім де жасай алмайды. Ташкентке де барып жедім ғой. Бірақ сенікі тіл үйіреді. Рақмет, жаным.

– Ас болсын! Ұлдар да сабақтарына барып келіп, ұйықтамай сені күтіп жүр еді. Ертерек келгенің дұрыс болды. Бүгін папа мен мамаға хабарласқам. Ол кісілер де шүкір. Сенбі күні балаларды ертіп үйге келіндер деді. Нағашы әжеңнің қайтқан күні екен ғой. Құран оқытпақшы.

– Дұрыс болды. Бұйырса барамыз. Ата-бабаның салт-дәстүрін ұмытпау керек. Балалардың да санасында сақталады. Әкем мен анамың ауылда отыра бермей Астанаға, өзімізге жақын маңға көшіп келгенің қандай жақсы. Айтпақшы, жексенбі жігіттермен балыққа барамыз. Мына Қорғалжың жақта балық күшті түсетін жерлер тауыпты.

– Жақсы. Қандай заттар дайындау қажеттігін ескертесің.

– Өзіңнің шаруаларың қалай?

– Болады. Біздікі сол күнделікті бала қарау. Педиатр жетпей жатыр тіпті. Кезінде уақытша сол факультетті бекер жапты. Валя екеуіміз күн ұзақ тапжылмаймыз. Вирус қатты жүріп жатыр дейді. Жөтелген, іші өткен ұл-қыздар көбейді. Асқындырып алғандарына ауруханаға жолдама беріп жатырмыз. Ол жақта кейде орын болмай қалады. Көктемде вирус та өршиді ғой.

– Е, дұрыс. Өзіңді күт! Сенің де жұмысың оңай емес. Мен тынығайын. Таңертең жаттығудан кейін дереу жұмысқа кетемін. Таңғы асты буфеттен ішермін.

Ішкі істер бөліміндегі кеңсесіне таңғы сегіз жарымда келгенде сержан кабинеттің алдында күтіп тұр екен.

– Саулығыңызды тілеймін, жолдас полковник.

– Қайырлы таң! Мақсатжан, сен өзі ұйықтамайсың ба?

– Ұйықтадым, жолдас полковник.

– Жарайды. Кір, қандай жаңалығың бар?

– Кеше тоналған үйге жөндеу жұмыстарын жасаған екі жігітті анықтадық.

– Содан?

– Ол екеуі Астанадағы Жеңіс көшесінде жатақхана жалдап тұрады екен. Қак-соқпен шаруалары жоқ, бұрын істі болмаған азаматтар.

– Қылымыс жасалған күні қалада болып па?

– Маңыздысы осы. Ол екеуі тапсырыс алып, Қарағандыға шыға берістегі Жібек Жолы елді мекенінде жүріпті.

– Қандай тапсырыс?

– Жаңадан салынып біткен коттедждің ішкі әрлеуін жасап жатқанда-

рына он күн болыпты. Сонда жатып, істейді.

– Үй, бала-шағасы жоқ па?

– Екеуі әскерден соң Астанаға келіп, жаңағы мен айтқан Жеңіс көшесінде жатақхананың бір бөлмесінде тұрады екен. Жалданып жұмыс істейді. Ата-аналары Ақмола облысының Целиноград ауданында тұрады екен. Толық тексердік. Қылмыс болған күні екеуі де Жібек Жолындағы жұмыс орындарында болған. Кеше кешкісін екеуімен және сол тапсырыс берген үйдің қожайынымен де сөйлесіп қайттым. Күдік жоқ.

– Жарайсың. Ерінбей барып қайтқаныңа ризамын. Мен ремонт жасаған жігіттерден бір гәп бар ма деп елдендеп калып едім. Жазықсыз адамдарды қамап тастамағанымызға тәубе. Ондай қате жіберуден сақтасын. Іздеу шараларын жалғастыра беріңдер! Кез келген ақпаратты маған жеткізіп тұр.

– Күп болады.

Бірде бір іліктің болмауы Абылайды шын алаңдата бастады. Қайтпек керек?

Зымыраған уақыт. Тонау болған күннен бері де бес күн өте шықты. Бұл тонаудан басқа өзге де ірілі-ұсақты істер қатар жүріп жатыр еді. Олардың арасында адам өлімі де бар. Көбісі тұрмыстық жанжалдан туындаған. Ішіп алып сөзге келеді, сөйтіп пышаққа жармасады. Ондайлар ұзаққа бармай тез әшкереленеді. Ашылған қылмыстық істерді прокуратураға жолдап, басқа істерді де қаперден шығармау маңызды.

Ойланып келе жатқанында әріптесі Абай Қайратұлымен кездейсоқ ұшырасып қалған. Ол да полковник. Басқа басқармада қызмет етеді. Кезінде талай істі бірге ашқан, қызметте жолдары жиі түйіскен көзкөрген азамат. Абылайды көргеніне шын қуанып, құшақтай алған. Сосын:

– Сені көрсем Қасым Қайсеновтың тұлғасы елестейді көзіме. Сол қаһарман партизандай дегеніңе жетпей қоймайтының ұнайды. Не жаңалық?

– Абеке, біздікі күнделікті күйбең ғой.

Абылай жолдасымен сыр бөлісіп, тоналған екі әйел туралы қысқаша мағлұмат берді. Абай досы ақыл қосты.

– Сен жәбірленушілердің туыстарын, таныстарын, араласатын ортасын зерттеген екенсің. Телефонмен кімдермен байланысқаның да бақылап көрші.

Өзін тау тұлғалы Қайсеновпен салыстырған әріптесіне іштей риза болып, шын қанаттанып қалған. Әріптестің кеңесі де ұнады.

Бұрын қарақшылық шабуылдар үшін сотталған адамдар, қылмыстық топ өкілдері тіпті үйсіз-күйсіз жүрген жандар мен сол күні тонау болған аумақта жүрген такси және жеке көлік жүргізушілері толық тексерілді. Қаланың ломбардтарында, зергерлік ду-

кендері мен көлеңкелі базарларынан ұрланған бұйымдар табылған жоқ.

Полковник әріптесі Абай Қайратұлының кеңесі бойынша жәбірленушілердің байланыс нөмірлеріне түскен қоңыраулар да қайта сұрыпталды. Биллингтік жүйе арқылы оларға түскен SMS хабарламаларға дейін тексерілген.

Ешқандай ілік табылмаған жағдайда істі архивке жіберіп, жылы жаба салуға болатын еді. Алайда Абылай тоқтамауға бекінген. «Тергеуші – кез келген ашылмаған іске нүкте қоймауы қажет», – деген қағидасы бар.

Сенбі күні ата-анасының үйінде болып, нағашы әжесін еске алып, дастарқан басында құран бағыштады. Ата-анасымен арқа-жарқа әңгімелесіп, өткен-кеткенді еске түсіріп шын сергіді. Ұлы мен келінінің, немерелерінің келгеніне үлкен кісілер де жадырап қалған-ды. Әкесі Әзімхан көп сөйлемейтін біртоға кісі. Жұмсақ үнмен, сабырлы қалыпта ақылын айтады.

– Жұмыс-шаруаң дұрыс болар? Қазір бастық болдың. Жауапкершілік жүгі де жеңіл емес. Қауіп пен қатері де көп. Мына шешен екеуіміз алаңдаймыз соған. Өзім де осы салаға бар деп кішірек кезіңнен санаңа құя беріпін-ау. Кейде өкінемін соған. Ғалым, құрылысшы, спортшы сияқты қаншама мамандық барын ескеремпін. Сақ жүр. Әділеттің ақ туын төмен түсірме. Ең бастысы – абыройға дақ түсіріп алу-дан сақтан!

– Әрине, әке. Бәрі ойдағыдай. Сіздер уайымдамаңыздар. Денсаулықты күтіп, дұрыс тамақтанып жүріңіздер. Көмек қажет кезде хабарлассаңыздар болды. Бізбен бірге тұрсаңыздар тіптен керемет болар еді.

Сөзге анасы араласады.

– Жарығым сол. Жанашыр жүрегіңнен айналдым. Бізді жау алады деймісің. Әкең екеуіміздің сендерге масыл болмай бөлек отырғанымыз ыңғайлы. Ас-суымызды әзірлей алатын жастамыз ғой. Өзіне аябай бол! Ана жұмысында ешкімге қиынат жасама. Зауал, қарғыс дегендер ондырмайды ешкімді.

– Жарайды, апа. Сіздердің осылай отырғандарыңыздың өзі бізге қуат берді.

– Құлындарым, тілеулеріңді тілеп, Құдайға күніне мың мәрте тәубе деймін.

Ата-анасынан қайтып бара жатқанда Гете көшесінің тұсынан өткен. Апта басында осы жердегі үйдің бірі тоналғанын, істің қиындап, тығырыққа тіреліп тұрғанын тілге тиек етті. Тіпті тоналған кісілердің телефондарын түгел тексерілгенін айтып келеді. Әйелі Айша онша мән берген жоқ. Абылайдың кейде ойланып отырып, күбірлейтінін, қолына қалам алып, қағаз шимайлап, бөлмеде ерсілі-қарсылы жүретінін біледі. Жұмысына сонша беріліп кететінін онша ұнатпайды. Кіші ұлы Қасым мен қызы Еркеназ демалыста атам мен әжемездің жанында боламыз

деп қалып қойған. Машинада жанында отырған тұңғышы Медғат тіл қатты.

– Пап, сонда телефонды қалай тексереді?

– Енді жәбірленушілердің кімдермен сөйлескенін, жазысқанын тексеріп, күдіктілерді анықтаймыз кейде. Тонағандар алыстан келмеген сияқты. Бірақ қармаққа ілінетін дым болмай тұр.

– Кімдермен сөйлескендерін ғана емес, әлеуметтік желілердегі аккаунттарын да шолып шығыңыздар.

– Сонда қалай, балам?

– Оларға хабарласқан белгісіз абоненттердің қандай желілерге тіркелгенін, тоналған кісілермен байланысты ма, жоқ па, соны бір қарап шықсаңыздаршы.

– Мынауың ақыл екен. Болашақ интернет мамандарының қолында деген рас екен-ау.

Ұлы Медғат Астанадағы IT университеттің соңғы курсына білім алып, қосымша Цифрлық шешімдер орталығында жұмыс істейтін-ді. Абылайдың жанарынан үміт сәулесі ұшқындап, қуанып кетті. Көлігін қойып, кеш те болса сержант Құлжановқа хабарлама жазды. Ертең демалыс екенін ескеріп, дүйсенбі таңертең тапсырма беруге болар еді. Мақсат та ойнала жүрсін деген.

Жексенбінің таңында Астанадан жетпіс шақырымдай жердегі Сабынды ауылының тұсындағы Нұра өзенінің жағасында жайғасқан. Абылайдың жолдастары отын жинап, мангал мен қазан орнатып жатты. Ұлы Медғат самаурын қайнатуда кіріскен. Абылай қолына қармағын алып, асықпай құрастырып, ілмектерін реттей бастады. Балықты кейбіреулер сияқты аумен емес, асықпай қармақпен аулағанды жаны сүйеді. Қармақпен балық аулаудың пайдасы да ұшан-теңіз екенін оқығаны бар.

Су жағасында қармақ ұстап, мүлгіп отыру жүйкелі тыныштандырып, ойыңды жинақтауға сеп дегенді Айша да жиі айтады. Қанша дегенмен дәрігер ғой. Ойың бөлініп, бір сәтке тынығып, миың сергіп қайтатын болдың ғой деп күйеуінің балыққа барар күні қанауыты сондықтан болса керек. Ес біліп, қызметке араласқалы пышаққа түскен, соққыға жығылған, түрлі тәсілдермен ажал құшқан мәйіттерді көрді. Бұл адам психикасына салмақ салатынын кімге түсіндіресің? Төрт аяқты хайуаннан екі аяқты адам қауіпті дегенге мың мәрте көзі жетті. Талай жауызбен бетпе-бет келді. Өзінің де қарақат алған сәттері бар. Соның бәрін осы балық аулау жуып-шайып жібермесе де, арқасын жазып, кеудесін керіп тынығуына сеп болады.

Асықпай аққан Нұраның жағасында қармағын суға салып отырған полковник Қайсеновтың ойы сонда да бөлінбеді. Балықты емес күдіктің қармаққа қалай түсіруге болатыны жайлы ойша жоспар құрды.

Абылай кабинетінің жанында әдеттегідей Құлжанов күтіп тұрған. Жәбірленушілердің туыстары, достары мен көршілерінің байланыс нөмірлерін толық тізімге алыпты. Әлеуметтік желідегі аккаунттарының да өзара байланысын тексерген. Абылай сержанттың пысықтығы мен ұқыптылығына разы боп қалды.

– Жарайсың, Макс. Енді тереңірек анықтауымыз керек.

Цифрлық іздерді одан әрі талдау барысында жәбірленушілердің бірі Гүлнәр Өмірғалиеваның абоненті арқылы әлеуметтік желідегі бейтаныс аккаунтпен сөйлескені анықталды. Бейтаныс аккаунттың нөмірі тик-ток желісіне тіркеліпті. Сол аккаунт Гүлнәрмен хабарлама алмасқан. Бейін ақпаратқа сәйкес, аккаунт иесі тонау болған күні Астанадан тыс жерде яғни Алматыда болған. Абылай хат-хабарларды, фотосуреттерді, мінез-құлқы ерекшеліктерін мұқият зерттей бастады.

Мирас МҰҚАШ

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов
8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6408 дана
Апталық таралым 12816 дана

Тапсырыс №69 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727)51-78-31